



БІЛІМ КІЛТІ - КЛЮЧ ЗНАНИЙ

№5 (155), 2021

Мамыр

Май

2011 жылдан бастап ай сайын шығады — С 2011 года выходит ежемесячно

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап
қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.

Журнал издается с января-февраля 2006

года на казахском и русском языках

**(Республикалық ғылыми-әдістемелік
педагогикалық журнал
Республиканский научно-методический
педагогический журнал)**

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Ү. Қолғанат	
Тарихи білім берудегі сындарлы оқыту тетіктері.....	3
М. Бағдатова	
Математика пәнін оқытуда өзіндік жұмыстың маңызы.....	6
Р. Искакова	
Сабақты зерттеу – білім мен тәжірибені шыңдау тәсілі	7
Г. Базахаева	
Ағылшын тілі сабағында оқушының тілге деген қызығушылығын оятуда жаңа тәсілдердің тиімділігі	11
А. Мадешова, Ж. Орынбасарова	
Студенттердің шығармашылық қабілетін дамыту жолдары.....	13
О. Мұсабеков	
Физикадағы зерттеу есептері – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту құралы.....	15
Э. Исмаилова	
Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде ойын мен ойыншықтың ролі.....	16
Ж. Нұрқасимова	
Болашақтағы мектеп – мұғалімдер көзімен.....	18
Н. Ферстер	
Инновационные образовательные технологии в дистанционном формате	20
И. Молдаханов	
«Дене шынықтыру» ұғымының құрылымы мен мазмұны.....	21
Д. Сапарбекова	
Д. Шостакович «Шарманка».....	23
С. Туремуратова	
Фортепиано и его создатели.....	24
Қ. Мырзахметова	
Төлдер	26
А. Казманова	
Быть как рельсы вместе	28
А. Ахмиева	
Өзіндік жұмысына баламалы бағалаудың тиімділігі.....	30
М. Байкенова	
Х дыбысы мен әрпі.....	31
К. Кажғалиев	
Қауіпсіздік ережесі. Саптық жаттығуларды оқып үйрену.....	32
Р. Нұржауов	
Кеңістікте бағдарлану және допты бір-біріне беру дағдыларын дамыту.....	35
Ж. Сәкенов	
Қазақтың ұлттық ойындары	38
Е. Тукешев	
Тепе-теңдік гимнастикалық жаттығулар және кеңістіктегі дене қозғалысы	41

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Педагог LTD» ЖШС

Редактор:

Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

БІЛІМ КІЛТІ - КЛЮЧ ЗНАНИЙ журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс
және ақпарат министрлігінде
қайта тіркеліп, №10965-Ж
куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды

10.05.2021 ж.

Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 322.

Басылым индексі: 75488

Редакцияның мекен-жайы:

050036, Алматы қаласы,

Мамыр-2 ы/а, 13-7.

Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.

Ұялы тел: 8 777 194 94 58,

8 777 303 37 67.

Эл. пошта:

pedagog-ltd@mail.ru

Журнал «Rado Print»

баспаханасында басылды.

Алматы қ., Мыңбаев көш., 46,
кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:

Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

Н. Омашев — ҚР Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

С. Аманжолов — педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, А.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің педагогика факультетінің деканы.

Ә. Дүйсебек — Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясының вице-президенті.

А. Миразова — ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек ері.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде сақтаңыз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс арқылы, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Учредитель:

ООО «Педагог LTD»

Главный редактор: Г. КУСТАНОВА
Журнал перерегистрирован в Министерстве
связи и информации РК. Свидетельство
№10965-Ж от 20.05.2010 г. Астана.

Подписано в печать 10.05.2021 г.

Печать офсетная.

Заказ 322.

Подписной индекс: 75488

Адрес редакции:

050036, г. Алматы,

Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;

сот.т.: 8 777 1949458,

8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал напечатан в типографии

«Rado Print».


Адрес: г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.





Тарихи білім берудегі сындарлы оқыту тетіктері



**Үздік Тоқмырзақызы
ҚОЛҒАНАТ,
Абай атындағы
№90 орта мектептің
тарих пәні мұғалімі.
Қазалы ауданы,
Қызылорда облысы.**

Қай заманда да болсын – «білім» игілік пен өркендеудің көзі болып есептелінетін. Қазақ зиялысы Ш. Уәлихановтың: «Еуропалық жалпыадамзаттық ағартуды меңгеру және осы мақсатқа қол жеткізудегі кедергілермен батыл күрес, даму мен мәдениетке қабілетті кез келген халық үшін түпкілікті мақсатты құрауы тиіс», - деген сөзі бүгінгі таңда да өз өзектілігін жойған жоқ. Сондықтан бізге, барынша табысты елдердің тәжірибесі мен жетістіктерін игерген жөн. Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарынан мен өзімнің ішкі және сыртқы өсуімнің қаншалықты табысты болатынын байқағым келді. Бағдарламаның негізіне оқытудың сындарлы теориясы салынған, оның жақтастары дайын білімді беруге негізделген оқыту тәсілдері оларды табысты игеруге, терең түсінуге немесе қолда барының өзара әрекеттесуіне мүмкіндік бермейді дейді. Бірінші кезеңде біз сапалы, табысты оқыту дегеніміз не және оқыту үдерісі қалай жүретіндігі жайлы материалдарды зерделедік. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді оқып үйрендік. Сондай-ақ, оқыту әдістері мен технологиялары туралы өз ұстанымдарымызды сараладық. Мен үшін «Қалай оқу керектігін үйрету» модулі тың болды. Мен сабақтарымда тарих пәнінің маңызы, алдағы өмірінде аса қажет болатын алынған білімдердің маңыздылығы жайлы айтатынымын. Дегенмен, оны қалай істеу керек, іс-әрекет

ретін, жұмыс формаларын, өзіндік білімді қалай табуға болатынын түсіндірмейтінмін. Иә, бір әрекет міндетті болатын, ол мәтінді оқу және түсінігін айту. Ал, зерттеушілер оқу мен дәріс барысында жады ақпараттың тек 10%-ын ғана игереді дейді. Сондықтан көзімнің жеткені, сабақта практикаға көбірек көңіл бөліп, иллюстрациялар мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданып, талқылаулар жасап, негізгі уақытты оқушының өз бетінше жұмысына бөлу қажет. Топтық жұмыстарды мен негізінен оқушыларды ұжымда жұмыс істеуге үйрету үшін қолдандым. Дегенмен, бағдарлама идеялары бұл стратегияның басқа да мүмкіндіктерін көрсетіп отыр. Бұл жұмыс формасын өзара оқыту, өзара бағалауда, ол арқылы талантты және дарынды балаларды, көшбасшы оқушыларды анықтау үшін де қолдануға болады екен және топтық жұмыс оқушылардың сын тұрғысынан ойлауына да жағдай жасайды. Менің түйгенім, мұғалім нәтижесінде өзіндік мотивацияны дамытатын оқушылар өзін-өзі жүзеге асыратын, өзін-өзі көрсететін оқу ортасын құра білуі тиіс. Өзіндік мотивация сыртқы мотивацияға қарағанда маңыздырақ, өйткені оқушының жазаланып қалуы немесе емтиханнан өте алмай қалу қаупі сыртқы мотивацияның импульсіне жатады емес пе? Өзімнің дәстүрлі оқыту тәжірибемде оқытудың монологтық тәсілі басым болғанын түсіндім, неге десеніз онда мен ғана сөйлеп, өзімнің білімдерімді көрсетіп, естеріне салып, сұрап, көрсететінмін. Ал, оқушылардың іс жүзінде қызығушылықтары төмендеп, зейіні шашырап, белсенділік танытпауы мені аса толғандырмайтын. Өйткені мұндай тәсіл тыңдауға, оқуға орындауға тиіс оқушылардың енжар әрекетін қарастыратын. Әрине, балалар мұғалімді тыңдау керектігін біледі, бірақ олар тыңдамауы да, бақыламауы да мүмкін



емес пе еді? Бұл тәсіл тек тыңдай және айтқаныңды бұлжытпай орындайтын оқушыны қалыптастырды. Ал, біз сондай оқушыларды табысты оқушы санадық. Балалардың өмірінде ішкі мотивация сирек дамиды, негізінен олар қорқуға, жалтақтауға мотивацияланған. Егер пәнді қатал, авторитарлы мұғалім жүргізсе, оны қалыпты деп есептейді. Ондай мұғалімнен қорқады және сыйлайды. Дегенмен, зерттеушілер қорқынышқа мотивацияланған адамдар үнемі ішкі күйзелісті сезінеді, өз денсаулығына нұқсан келтіреді, шешім қабылдай алмайды, үнемі қателесуден қорқады деп көрсетеді. Бірақ адамдар қателесуге құқылы емес пе, балалар болса тіптен.

Мен өзім үшін мұғалім мен оқушы арасында тең құқылы стратегия орнатуды таңдадым. Мұнда оқушылар мұғалімнен қорықпауы тиіс, олардың еркін шығармашылығына мүмкіндік беріледі, балалар өз шешімдеріне сенімді, сыртқы қысымға төзімді болады. Әрине мұнда да қауіп бар, олар тәртіптің бәсеңдеуі мен өз ойларын дәлелдей алмау. Дегенмен менің оқытуға деген көзқарасым оптимистік ренде. Өйткені мұғалімнің оптимистік көзқарасы, оның көшбасшылығының міндетті қыры болып табылады. Мен қандай жағдаят туса да, сыныптағы өзекті тұлға ретінде компромистік шешім табуға тырысамын. Меніңше, сабақ – оқушылар ойларымен бөлісетін, өз ұстанымын айта алатын, күмәнданатын, өз өмірінен мысал келтіретін қызық әлем. «Қызығушылық – білімді игерудегі ең қысқа жол». Әрине, тәжірибемде мен бастапқыда сын тұрғысынан ойлауға үйрету, диалогтық оқыту, компьютерлік технология тәсілдерін қолдануды арақідік болса да, интуитивті түрде жүзеге асырғаным жасырын емес. Ал, қазір бәрін саналы түрде жүргізудемін. Бүгінгі таңда Бағдарламаның жеті модулінің идеясын сабаққа дұрыс құрылымдауды, өз тәжірибемді ой елегінен өткізіп, рефлексиялауды, оқыту үдерісін балаға бағдарлауды үйрендім. Мен үшін деңгейлік курстардан алған білімдерімді тәжірибемде ұтымды қолдану басым мақсаттарымның бірі болып табылады. Сабақтарымды сыныпта ынтымақтас-

тық атмосферасын қалыптастыруға бағытталған шағын тренингтерден бастаймын. Балалар күліп, бір-біріне мейіріммен қарап, оқу үдерісіне назарын аударады. Сыныпты шағын топтарға топтастырғанда, мен оқушылардан мыналарды байқаймын: балалар топта жұмыс жасағаны үшін қуанышты болады, күшті оқушылар әлсіз оқушыларға көпірше болуға дайын, жұмысқа топтың барлық мүшелері тартылады, онда өзара оқыту, өзара әрекет, ынтымақтастық жүзеге асырылады. Әлі де болса айта кететін әттеген-ай, топтарда көбіне қумулятивті әңгіме жүреді. Балалар біреуінің айтқанын қабылдап, келісе салуға дайын, сонымен бірге, идеялар үнемі бағалана бермейді. Сондай-ақ, менің балаларды бірге ойлауға үйрету керектігіне көзім жетті. Оларды әңгімелесуге, бір-біріне сұрақ қоюға, дауыстап ойлануға, ойды талқылауға, болжамдар ұсынуға үйрету керек. Мұнда менің міндетім оларға бірлескен жұмыстың құндылығын түсінуге көмектесу болып табылады. Әсіресе, диалогтық әңгімеде мұғалім мен оқушылар оқыту үдерісіне айтарлықтай үлес қосады. Мұнда мен менің ықпалымнан гөрі, өзара әрекет стратегияларының ұтымды екенін байқадым. Алдағы уақытта, өзімнің кәсіби қызметімде мен алдыма кіші смарт мақсаттар қойып отырмын, олар: балаларды шудың ішінде жұмыс істеуге, сыныптасы жақсы еститіндей, ал басқаларға кедергі келтірмейтіндей етіп, өзінің дауысын реттеуге үйрету. Орында еркін, ыңғайлы отыруға да үйрету. Сыни ойлау социумда, белгілі бір ортада қалыптасады. Топтарда балалар бір-бірін тыңдап, өзінің ойын айтып, талдап, шешім қабылдауға машыктанып алды. Сыни ойлау дағдыларын бақылау, талдау, қорытынды, интерпретация деп сипаттауға да болады. Дұрыс және нәтижелі сұрақтар қоюға үйретуде мен Блум таксономиясын қолданамын, өйткені бұл технология ойлауды төменнен жоғарыға қарай қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бағдарлама талаптарына сай мендегі келелі өзгеріс – тізбектелген сабақтар топтамасын орта мерзімді жоспарлау. Тәжірибеде жолға қоюға талпынып жатқан бұл бағыттағы жұ-



мыстарымның өзегі — зерттеуге алынған оқушыларды түрлі оқу жағдаяттарында байқау. Нәтижесінде, оқушылар бір-бірінен аса ерекшеленбейтінін білдім. Олардың бәрі бірге жұмыс істей алады, өз ойын айтады, әңгімеге ерікті түрде қосылады, басқалар туралы айтады, өз мүмкіндіктерін біледі. Айырма тек, біреуі оларды жылдам, тез істесе, кейбірі баяу, асықпай жасайтындығында. Диалогтық оқыту, сын тұрғысынан ойлау тәсілдері, топтық жұмыс формасы маған балаларды түрлі қырынан тануға мүмкіндік берді. Мысалы, мен бір оқушыны өзіне ескерту айтқанды жақтырмайтын, тәкаппар оқушы деп ойлайтынмын, яғни топтық жұмыста сол баламен жұмыс істеу қиындық туғызады деп күткенмін. Дегенмен, ол өзін мықты ұйымдастырушы, көшбасшы, кез келген топта жұмыс істеуге бейім екендігін көрсетті. Ал, бір оқушы қыз өз ойын ұтымды, қисынды, мәтіндегі негізгі ойды қысқа әрі нұсқа жеткізетін қасиетімен таң қалдырды. Ал, келесі бір оқушы өзінің көзқарасының кеңдігімен, ойын жылдам тұжырымдай алуымен ерекшелінді. Оның ой тұжырымдарынан көрген кинофильмін шебер талдайтынын, жағымды не жағымсыз кейіпкерге қызықты сипаттама бере алатынын, көрген бейнеүзіктердің мәнін мазмұнды түсіндіретінін көрдім. Міне осы түйінді қасиеттерді біз ашуға, дамуына жағдай жасауға және сыныптан тыс жерде қолдана білуге үйретуіміз керек. «Баланың әрекеті мен мінез-құлқын бағалау тәрбиесінде тек, іс-әрекет нәтижелерінің бағасы бала тұлғасының бағасынан бөлек болғанда ғана тәрбиесінде онтайлы рөл атқарады», деген педагог-гуманист Ш.А. Амонашвилидің сөзін ұтымды бағалау стратегиясындағы түйінді сөз деуге болады. Біздің дәстүрлі бағалау оқушыларды «үлгермеуші», «орташа», «жақсы», «үздік» деп бөлуге әкелді, яғни «орташа» оқушы — нашар, «үздік» — жақсы оқушы деп қабылданады. Мұнда баланың тұлғалық сапалары есепке алынбайды. Мен сабақтарымда «Шапалақ», «Смайликтер», «Сигнал карталары» сияқты қалыптастырушы бағалау түрлері мен критерийлері алдын ала дайындалған бағалау парақтарын қолданудамын. Көптеген нашар, өзіне сенім-

сіз балалар өздерін белгілі бір өлшемдер бойынша назарға ілгенге қуанады. Оқушылар біртіндеп бағалау тәсілдерін қолдану, бірін бірі өзара бағалау және өзін-өзі бағалауға машықтанып келеді. Алдағы уақытта қалыптастырушы бағалауды жүйелі жүргізіп, білім сапасының табысты мониторингіне арналған критерийлермен бағалауды жүзеге асырғым келеді. Сабақтарымда Интернет ресурстары мен таныстырылымдарды үзбей қолданудамын. Рефлексия кезеңінде «Ойлаудың алты қалпағы», «Қоржын», «Еркін микрофон» әдістерін қолданудамын. Оларда мен оқушылармен кері байланысты қамтамасыз етудемін. Кері байланыста оқушылар жаңа ақпаратты қалай қабылдағанын, алған білімдерін өзінің түсінуі қалай интерпретациялағанын бақылаймын. Менің балалар өзінің ойын жеткізе алатындығына, жан-жақты баға бере алатынына сенімім аз болатын. «Қоржын» тәсілін алғаш қолданғанымда, оқушылар өздерінің сабаққа, сыныптастарына қатынасын аса қызу сезіммен айтып, бір топта жұмыс істеген сыныптастарының мүмкіндіктерін бағалай алды. «Ойлаудың алты қалпағы» әдісі кез келген ақпаратты 6 қырынан қарастыруға, түрлі көзқарас жасауға және өзіне сай келетін рөлді таңдауға болатынын көрсетті. «Ойлаудың алты қалпағы» рефлексиясы балаларға қатты ұнайды, олар әр түстің астарының маңыздылығын түсінді. «Қоржын» әдісін де балалар жылы қабылдады, әрқайсысы өз ойын білдіріп, пікір алмасуға асығады. Топтарда жүргізілген тапсырмаларды талдап, бағалау да өз нәтижесін беруде. Егер дәстүрлі сабақтарда оқушылар жеке жұмыс істесе, тек мұғалімнің оқуына арналған өзінің жазғанын көршісінен жасыратын болса, жаңа тәсілдер ашықтыққа, өзара әрекетке бағыттады, бағалау критерийлері мен сабақ мақсаттарын оқушылармен бірлесіп айқындауды, сабақты жоспарлауда оқушылардың үнін ескеруді қарастырады. Оқушыларға бір бірімен қарым-қатынас жасауға, талқылауға, келісуге, мәселелерді бірге шешуге, шешімді ортақ қабылдауға мүмкіндік ашылды. Оқу жұмысының формасы өзгерді, мұнда оқушы да, мұғалім де өзін ыңғайлы сезінеді. Табысқа ұмтылушы-



лық артты. Оқушылардың бастамашылдығы артып, әлсіз оқушылардың өзі ортаға ой тастауға машықтануда. Оқушылардың сабақтағы белсенділіктері де жоғарылады, өйткені топтар арасындағы бәсекелестік пайда болды, топтың әр мүшесі топтың табысына өз үлесін қосуға асығады. Балалардың пәнге деген танымдық қызығушылығы да арта түскендей. Осылайша оқушылардың жеке-даралығы мен сенімділігі дамуда. Сабақ кезінде топтарға жақындап барып, олардың іс-әрекетінің дұрыс-бұрыстығын бақылап, көмек қолын созығым келгенде, барлық топтар өздері неде болса жағдайдан өздері шығатынын айтып, бас тартуды да әдетке айналдыра бастаған. Мұнан менің ұққаным, балаларға сенім арту және өз беттерінше жұмыс істеуге мүмкіндік беру керектігі. Олар үшін маңыздысы, біздің оларға көңіл бөлуіміз және сұрақтарына дер кезінде жауап беруіміз. Сондықтан мен әр балаға көңіл бөліп, әрқайсысына тек соған қатысты ерекше сөздерді тауып айтуды да меңгере бастадым. Тарихи білім беруде қол жеткен табыстарым қомақты деп айта алмаймын, бірақ

аз да болса олар мен үшін, менің алдағы тәжірибем үшін аса маңызды. Соның ішінде, оқушылар топтық жұмысқа, басқаның пікірін қабылдауға, басқалар туралы ойын өзгертуге, бәсекелесуге, оқулықпен жұмыс жасауға, мәтіндегі негізгі ойды анықтауға, қажетті ақпаратты табуға, талдауға, саралауға, қолдануға және басқалардың қызметін бағалауға үйренді. Сондай-ақ, жылдам кластер құруға, постер қорғауға, шығып сөйлеуге және қысқа уақыт ішінде мәтін дайындауға үйренді. Тарих толығында құбылыстар тез өзгеруде, өскелең ұрпақтың ойлауы өзгеруде. Меніңше, білім берудегі өзгерістерден қорқудың қажеті жоқ. Өйткені ол заман талабы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының Бағдарламасы. III (базалық) деңгей. 4-басылым. 2015. www.cpm.nis.edu.kz
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші (базалық) деңгей. www.cpm.nis.edu.kz

Математика пәнін оқытуда өзіндік жұмыстың маңызы

Қазіргі таңда бала зейінін сабаққа аудару үлкен педагогикалық шеберлік пен асқан ізденісті, жаңашылдықты, тапқырлықты талап етеді. Әрбір ұстаздың басты міндеті — ең озық әдіс-тәсілдер арқылы сабағын қызықты өткізу, белгілі бір нәтижеге бағыттау. Білім алу — адам өміріндегі үлкен қажеттілік екені даусыз. Білім арқылы оқушының мәдениеті артады, дүниетанымы кеңейеді, өзі үшін құпия болған сауалдардың жауабын табады. Оқушының осындай қажеттіліктерін қанағаттандыру сабақ барысы мен сабақтан тыс уақыттағы тапсырмаларға, жаттығу жұмыстарына байланысты болады. Жүйелі жүргізілуі тиіс тапсырмалардың ішінде өзіндік жұмыстың маңызы зор.

Өзіндік жұмыс — сабақ үстінде алған білімді мұғалімнің көмегімен және оның бақылауымен, алайда мұғалімнің қатысынсыз орындалуы тиіс жұмыс. Өзіндік жұмыстың мақсаты — оқушының танымдық міндеттерін қалыптастырып, шығармашылық қабілеті мен қызығушылығын дамыту, білімге құштарлығын ояту болып табылады. Өзіндік жұмыс нәтижесі — оқушы білімінің айнасы іспеттес. Себебі өзіндік жұмыс жасай отырып оқушы өз білімінің қаншалықты дәрежеде екенін танытады. Қазіргі заман талабына сай оқушылардың математика пәніне ынтасын арттыра отырып, пәнге бейіндеу мақсатында оқыту барысында өзіндік жұмыстарды жүргізіп отырамын. Тап-



сырмаларды оқу мақсатына сай жасаймын. Логикалық тапсырмалармен мазмұнды есептер де кездеседі. Математиканың қоғаммен байланысын көрсетуде және баланың ойлау қабілетінің жақсы дамуында мазмұнды есептердің маңызы зор. Мазмұнды есептерді шығару барысында, есеп мазмұнын талдап, белгілі және белгісіз мәліметтерді анықтап алады. Сосын есептегі өлшем, мөлшерлерге талдау жасалады. Оқушыны ең алдымен есептің шартын құруға төселдіру керек. Есептерді түрлі тәсілмен шығару жолдарын меңгеруді үйретемін. Оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу белсенділігін арттырудың тағы бір әдісі — логикалық есептер шығару. «Логикалық ойлау — логикалық сөйлеудің негізі, ал мұны — логикалық сөйлеуді ұстаз дамытуға тиіс», — деп көрсетті К.Д. Ушинский. Бастауыш сынып баланың логикалық ойлауын дамытудың негізгі кезеңі деп есептеледі. Ал оқушылардың ойлауын дамытып, дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйрету — математика сабағының міндеті. Логикалық тапсырмаларды орындау барысында барлық логикалық ойлау операцияларын (талдау, жинақтау, салыстыру, жалпылау, саралау) арнайы жүйелі түрде қа-

лыптастырып, ойлау белсенділігін және өзбеттілігін жетілдіріп отырамын. Математика пәнін оқыту барысында өзіндік жұмыстарды қолдану арқылы төмендегідей нәтижелерге қол жеткізіп келемін:

- оқушылардың жаңа материалды оқып-үйренуге және оны игеруге деген қызығушылығын тудырдым;

- оқуға деген ынтасын, математикаға деген оң көзқарасы мен танымдық қызығушылығын, өздігінен жұмыс атқару дағдысын жетілдіріп келемін;

- оқушы өзін жеңімпаз ретінде сезіне алатындай тапсырмаларды әр түрлі күрделі дәрежеде орындату арқылы оқушылардың білімін саралауды ұйымдастырдым.

Қорыта келгенде, жүйелі жүргізілген өзіндік жұмыс — болашақ ұрпақтың өмірде өз орнын, қарым-қабілетін, өзіндік табиғатын, болмысын қалыптастыруға, бәсекеге қабілетті болуына мүмкіндік беретін іс-әрекет.

Маржан Амангелдіқызы БАҒДАТОВА,
№64 мектеп-лицейдің бастауыш
сынып мұғалімі,
педагогика ғылымдарының магистрі.
Нұр-Сұлтан қаласы.

Сабақты зерттеу – білім мен тәжірибені шыңдау тәсілі

Lesson Study үдерісі — жоспарланған бір ізді сабақтарды жоспарлау мен өту барысында баланың білімі мен дағдысын арттыру мақсатында мұғалімнің әдістердің тиімдісін қолдану ісіне өзгеріс енгізе отырып, жеке тәжірибесін шыңдаудың бірден-бір жолы. Өйткені осы Lesson Study бойынша өткізілетін сабақтарда оқушының тапсырманы қабылдау мен орындау қарқынын бақылай отырып, әдіс-тәсілдерді жетілдіре түсу, оларды оқушының белгілі бір дағдысын дамыту үшін тиімді қолдана білу, әріптестермен тәжірибе алмасып,

олардың кеңесін негізге алу мүмкіндіктеріне қол жеткізе аламыз.

2020-2021 оқу жылында Lesson Study талаптары негізінде құрылған топтың мақсаты «Тірек сөздер, сызбалар арқылы оқушылардың айтылым дағдысын арттыру» мәселесі болды. Топ қазақ тілі мен әдебиеті пәні және география пәндерінің мұғалімдерінен құрылды. Неге бұл мақсат негізге алынды? Біріншіден, орыс тілді оқушылардың сөздік қорын арттыру, айтылым дағдысын дамытып, қазақ



тілінде еркін сөйлеуге бейімдеу мәселесі алға тартылды. Екіншіден, мәтін мазмұнын меңгеру барысында, ұсынылған мәліметтердің қажеттісін алып, оған өмірден аргументтер мен дәлелдер келтіріп, байланыстыра алуға үйрету, үшіншіден, баланың сынып алдында жаңа сөздерді тиімді қолдана отырып, еркін сөйлеу, ойын дәлелді жеткізу қабілеттерін дамыту көзделген болатын.

Lesson Study негізінде құрылған топтың мақсатын жүзеге асыру үшін таңдау орыс тілінде оқытылатын 7 «О» сыныбына түсті. Бұл сыныптың таңдалу себебі — осы сынып оқушыларының тілдік кедергілерінің көптігі, сабаққа қатысу барысында сөйлеу деңгейінің, белсенділігінің, тапсырма орындау қарқынының төмендігі. Оны күнделікті сабақ барысында тапсырма орындау, БЖБ, ТЖБ тапсырмаларының, әсіресе, айтылым дағдыларының нәтижесі арқылы анықтап отырдық. Келесі кезектегі себеп — бұл сыныпты тек қазақ тілі пәні арқылы ғана емес, қазақ тілінде өтілетін география пән мұғалімдерімен бірлесе отырып, осы сынып оқушыларын жан-жақты зерттеу мәселесі қарастырылды. Себебі география пәні қазақ тілінде өтетіндіктен, жоғарыда аталған сыныпқа қатысты проблемалардың осы пәнде де орын алып отырғандығы анықталды. Осы орайда тізбектелген бірнеше сабақтардан кейін география пәнімен бірге кіріктірілген сабақ өткізу де жоспарланып, оқушыларды басқа қырынан танып, екі пәндегі тапсырманы орындау қабілеттерін аңғару, байқау арқылы жақсы нәтижеге қол жеткізу мүмкіндігін берген кіріктірілген сабақ өтілді. Үшінші себеп — осы оқу жылмен шектеліп қалмай, әрі қарай зерттеуді жалғастырып, сынып жоғарылаған сайын елеулі нәтижеге қол жеткізу.

7-сынып бағдарламасы бойынша «Біздің өміріміздегі музыка» бөлімінде бірнеше тізбектелген сабақтар жоспарланды. «Музыканы жақсы көресің бе?», «Күй атасы — Қорқыт», «Музыка жанды емдейді» тақырыптарында сабақтар өтілді. Осы тақырыпта өткен сабақтардың арасында тақырып аясында ғана

емес, сонымен бірге қазіргі заманауи музыка мен ерте заманғы музыкалар арасындағы сабақтастық та көрініс тапты. Алғашқы сабақта оқушылар өздері сүйіп тындайтын заманауи музыка тақырыбы аясында тапсырмалармен жұмыс жүргізсе, екінші, үшінші сабақтарда музыка тарихына үңіліп, онымен жақынырақ таныса алды, музыка құдіретін білді әрі қазіргі өмірмен байланыстыруға дағдыланды және бұған дейінгі білімдеріне сүйеніп, жаңа сабақ тақырыптарымен ұштастыра білді.

Осы сабақтарда оқылым, айтылым дағдылары бойынша оқу мақсатымен жұмыстар жүргізілді. Дәлірек айтсақ, сөздікпен жұмыс бойынша мәтінде кездесетін сөздердің синонимдерін анықтау жұмысы, оқу мақсатына қол жеткізу үшін негізгі және жанама ақпаратты анықтап, аргументтер келтіріп, өмірмен байланыстыру, тиісті кестені толтыру әдісі арқылы орындалды. Бұл әдістердің қолданылуының басты себебі оқу мақсаты мен тапсырмалар арасындағы байланыс пен сәйкестікті сақтау, оқу мақсатына қол жеткізу болды. Ал сабақта қолданылған ресурстар да осы мақсатқа қол жеткізуге негізделі іріктеліп алынды. Олардың арасында да өзара байланыс, ұқсастық пен сабақтастық орын алса, сонымен қатар олар сабақ мақсатына қол жеткізу негізінде ұйымдастырылған тапсырмалардың сабақтың күтілетін нәтижесіне септігін тигізе алды. Себебі сабақ мақсатының жүзеге асуы қолданылатын әдістерге тікелей байланысты, әдістер баланың мақсатқа бағыттала отырып дамуына, тиісті дағдыларын қалыптастыруына жол ашатыны анық.

Зерттеу тобының шешімімен жоғарыда аталған бірнеше тізбектелген сабақтарда қолданылған әдістердің нәтижесі негізінде оларды іріктеу салдарынан тиімді деп танылғандары география және қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен кіріктірілген сабақта қолданылды. Кіріктірілген сабақтың тақырыбы: «Нәсілдер мен мерекелер». Бұл тақырып екі пәннің өтіліп жатқан бөлім атаулары негізінде тақырыптардың үйлесім табуы салдарынан таңдалды. Мақсаттар да тақырыпқа сай жүйеленіп, оқу мақсаттары да сәйкестенді-



рілді: **қазақ тілінен** «Т5. Тірек сөздер, жетекші сұрақтар, мәтін тақырыбы арқылы негізгі ойды анықтау. А4. Шағын көлемді мәтіндегі жеке эпизодтарды сипаттау», ал **географиядан** «7.4.1.3. Дүниежүзі халқының нәсілдік құрамын анықтау» мақсаттары қарастырылды.



Сабақтың бастапқы кезінде психологиялық ахуал қалыптастыру бөлімінде «Миға шабуыл» әдісі бойынша экранда халық, нәсілдер, ұлттық ерекшеліктерге байланысты суреттер көрсетіліп, оқушыларға сабақ тақырыбы мен қарастырылатын мәселелерді анықтау ұсынылады. Сөздікпен жұмыс бөлімі LearningApps <https://learningapps.org/display?v=p2gvaosp521> бағдарламасында сөздерді сәйкестендіру тапсырмасы арқылы орындалды. Бұл әдіс оқушылардың қашықтықтан оқыту кезеңінде уақытты үнемдеу мен балалардың өз бетінше орындауына септігін тигізді. Бұл — сөздер сабақта берілетін мәтін-

дерде кездесетін жаңа сөздер. География пәні бойынша «Padlet» тақтасында нәсілдерге қатысты тапсырма ұсынылды. Оны оқушылардың барлығы бірдей орындап, бірін-бірі дескриптор бойынша бағалап отырды. Бұл тапсырмалар сабақ тақырыбын ашу мен пәндердің ерекшеліктеріне сай жоспарланып, ұйымдастырылды.



Ал тыңдалым тапсырмасы бойынша оқушыларға үш түрлі мәтін беріліп, тапсырманы берілген кесте бойынша оқушылар орындап отырды. Мәтін тақырыптары: «Ұлыстың ұлы күні — Наурыз», «Рождество Христово мерекесі», «Оңтүстік Африка Республикасы жаңа жылды қалай қарсы алады?». Кесте мәтіндердің мазмұны сабақ тақырыбын аша түсіп, балалардың тез әрі жылдам орындауы үшін жасалды. Кесте арқылы оқушылар өз ойларын жүйелеп қана қоймай, айырмашылықтарын да оңай ажырату мүмкіндігін бере алды.

Мереке атауы қандай	Мереке қай уақытта өтеді?	Мерекені қалай қарсы алады?	Негізгі ойы, идеясы не?



Тыңдалым тапсырмасын қорытындылау мақсатында Quizizz ойыны бойынша нәсілдерге қатысты жұмбақтарды шешу ұсынылды:

<https://quizizz.com/admin/quiz/6029e204f58bf5001ba54a3b>. Бұл тапсырма сабақта көп уақыт ала қоймайды және қашықтықтан оқыту барысында балалардың толық қатысуын қамтамасыз ете алады әрі оқушылардың қызыға орындайтын тапсырмаларының бірі болып табылады.

Тыңдалым негізінде айтылым дағдысын жүзеге асыру мақсатында оқушыларға бейнеролик көрсетіліп, балаларды қабілеттеріне сай деңгейлік, яғни саралау тапсырмалары ұсынылды. Оқушылар үш топқа бөлінді. 1-топ тақырыпқа сай СИНКВЕЙН жасаса, 2-топ «Төрт сөйлем әдісі» бойынша

1. Пікір. «Біздің ойымызша, ...»

2. Дәлел. «Себебі, біз оны былай түсіндіреміз ...»

3. Мысал. «Оны мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламыз ...» (ойдың ретін білдіретін қыстырма сөздер)

4. Қорытынды. «Осыған байланысты біз мынадай қорытынды шешімге келдік».

Саралау тапсырмалары, ең алдымен, балалардың сабақ үстінде еркін сезініп, өзінің шамасы келетін тапсырманы тез әрі жылдам сонымен қатар сыныптастарымен бірге орындауына мүмкіндік туғызса, екіншіден, баланың сабаққа деген қызығушылығын арттырады.

Сабақ True/False ойыны бойынша сабақта берілген ақпараттар негізінде қорытындыланды.

Арнайы іріктеліп алынған мәтіндер мен қолданылған әдістер арқылы сабақ тақырыбы

кеңінен қамтылып, оқушылардың өз қабілеттерін барынша қолданып, дағдыларын дамытуға септігін тигізе алды. Оған дәлел сабақ барысында қолданылған әдістерге негізделген тапсырмалардың жүйелілігі мен бір ізділігі болды деп айтуға болады. Бұл оқушылардың сабақ тақырыбын мақсатқа сай меңгеруіне тікелей ықпал етті деп ойлаймын.

Қысқаша айтқанда, осы сабақ арқылы бұл сыныппен өте жақсы нәтижеге қол жеткіздім деп айтуға болмайды. Зерттеу тобының пікіріне сүйенер болсам, бұл оқушылардың алдыңғы сабақтарда өткен музыкаға байланысты тақырыптарды осы сабақпен ұштастыру кезінде кідірулері және өмірмен байланыстырып жауап беруде ойланып жауап іздеуі арқылы уақытты оздырып алуы болып отыр. Тыңдалым дағдысын негізге ала отырып, оқушылардың бұл олқылықтарын жою мақсатында келесі сабақтарда тақырыпқа сай қазіргі өмірге байланысты ақпараттар беріліп, ашық сұрақтар қоюды көздеу мәселесі алға қойылды.

Сөз соңында зерттеу сабақтарымыздың жарты немесе бір жылмен шектелмейтінін айтқым келеді. Нысанаға алынған сыныпты немесе топты толық әрі жан-жақты қадағалау, баланың дамуына белгілі бір әдістерді қолдану арқылы ықпал ету үшін бірнеше жыл зерттеген абзал. Себебі зерттеу сабағы баланың дамуына да, сыныптың білім сапасын жоғарылатуға да, мұғалімнің ізденіп, тәжірибесін арттыруына да тигізер пайдасы зор.

Роза Абылайхановна ИСКАКОВА,
ХББ НЗМ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің
мұғалімі.
Алматы қаласы.





Ағылшын тілі сабағында оқушының тілге деген қызығушылығын оятуда жаңа тәсілдердің тиімділігі

Біздің елімізде қазіргі кезде білім берудің жаңа үлгісі қалыптасуда. Бұл бағдарламаның негізгі ерекшелігі – оқытудың дәстүрлі түрінен жаңа педагогикалық технологияларға ауысу.

Жаңаша оқытудың «Кембридждік» жүйесі бойынша бұл тәсіл біршама өзгереді. Мұнда балаларға білім дайын күйінде берілмейді, керісінше оқушылардың өздерін еркін ұстауға, ойланып, ойын жинақтауға мүмкіндік жасалады. Олар өз беттерімен және өзара әрекеттесе оқып-үйреніп, ортақ бір шешімге келуге бағытталады.

Сабақ – мұғалім мен оқушының өз қажеттілігіне орай оқу әрекеттерін яғни білімді меңгерту мен меңгеру, машық дағдыны қалыптастыру, ізденіске баулу, шығармашылық пен талапты ұштап, дамытуды қажет еткен мақсат-міндеттер тұрғысынан бірлесе жұмыс істейтін ынтымақтастық алаңы. Ұстаз алдындағы басты мақсат – сапалы білім мен саналы тәрбие беру, тұлғаның заман талабы мен ағымына сай қалыптасуына ықпал ету.

Өзім берген сабақтарымда оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын сабақтың басында тренинг өткізілу және топқа бөліп оқыту тәсілдері тиімді болды және сабақтың өту барысына жақсы ықпал етеді деп ойлаймын.

Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер бойынша оқушыларға алдымен әр сабақ сайын тренинг өткізілсе немесе бір-біріне жылы шыраймен сәттілік тілекпен сабақ басталса, жұмыс жасау көңілдірек болатынына көз жеткіздім. Тренинг-оқушы назарын жаңа сабаққа аударуда, қызығушылықтарын арттыруда, ынтымақтастық қалыптастыруда маңызды тәсіл. Сабақ бастамас бұрын тренинг өткізу оқушыларға жағымды, оң әсер етеді. Ең бастысы, бұл әдіс оларға ұнайды.

Ынтымақтастық орнату мақсатында «Жақсы тілек», «Әсем күлкі, ақ тілек» тренингтерін әрдайым ұйымдастырамын. Бұл тренингте оқушылар бір-біріне жақсы тілек айтып, сабақты жақсы көңіл-күймен бастап, сабақтың соңына дейін оқушылар өте белсенді болады.

Жаңа тәсілдердің бірі – топқа бөлу. Бұл тәсілді деңгейлік курстарды оқып келгеннен кейін өзім үнемі өз сабақтарымда қолданамын.

Орын алған проблеманы шешу мақсатындағы топтық жұмыс – оқытудың өте ықпалды тәсілдерінің бірі. Оқушылар ересек адамдарға тәуелді болмау үшін тапсырмаларды жоспарлайды және оларды орындауды ұйымдастырады. Бұл тәсіл оқушыларға:

- уақытты ұтымды жоспарлауға;
- инновациялық көзқарастар мен идеяларды ұжыммен талқылауға;
- топтағы жұмысқа дейін қандай да бір жеке-дара қызмет немесе ойластыру қажеттілігін анықтауға;
- топ ішінде рөлдерді анықтауға (басшы, хатшы, тілші, бақылаушы және т.б.) немесе топ мүшелеріне тапсырмаларды бөліп тапсыруға;
- тапсырмаларды орындау барысында келісімге қол жеткізуге мүмкіндік береді. 4-6 оқушыдан тұратын топ топтық жұмыстың көптеген түрлерінде және топта бір оқушының үстемділігін әлсірету үшін тиімді.
- топ мүшелерінің кейбіреулері үшін аз жұмыс істеуге көп мүмкіндік береді.
- тыныш, салмақты оқушылар жұмысқа аз қатысқысы келуі мүмкін.

Жұп болып жұмыс істеу жоғары деңгейлі тапсырмаларды бірлесе орындауда (мысалы, шешім қабылдауда, мәселелерді шешуде) және құрбы-құрдастарын оқыту үшін тиімді.

Оқушылар білуге тиісті бірнеше негізгі ережелер бар, олар:



- кезекпен сөйлеу;
- белсенді тыңдау;
- сұрақ қою және сұрақтың бар жоқтығын сұрау;
- ұсыныс енгізу және басқалардың ұсынысын сұрау;
- өз ойларын және пікірлерін ортаға салу және басқалардың идеялары мен пікірлерін білу;
- ұсыныстарды, идеяларды және пікірлерді ұжыммен талқылау;
- көмектесу және көмек сұрау;
- түсініктеме беру және түсініктеме беруді өтіну, оны бағалау;
- топтық шешім қабылдау және бір тоқтамға келу, талқылаудың қорытындысын шығару, дәйекті айғақтар келтіру.

Топқа бөлу барысында оқушылардың сабаққа белсенді қатысулары, өз ойларын ашық, еркін жеткізулері, бастысы, топта оқушы оқшауланып қалмайтындығын көрсетті. Топтық жұмыс, біріншіден, оқушыларға бірігіп жұмыс істеу мүмкіндігін тудырады, екіншіден, ұйымшылдыққа тәрбиелейді, үшіншіден, бірінбірі оқытуға, бірінен-бірі үйренуге жағдай жасайды. Топтық жұмыстың артықшылығы:

- оқушылар өзара достық қатынаста болады;
- бір-бірінен сұрай отырып білімдерін жетілдіреді
- өзгелерге ойын жеткізу үшін өз шешімін дәлелдеп үйренеді;
- менен сұрап қалады-ау деп қорықпайды, топ болып жауап береді;
- оқушылардың мектепке



деген көзқарасы өзгереді, уақыттары қызықты әрі тиімді өтеді, топтық жұмыста бос отыратын оқушы болмайды.

Әр сабақ сайын оқушылардың орнын ауыстырып, топқа бөлу де, топтасып жұмыс жасау да, ақпараттық технологияны жиі пайдалану да, сыни тұрғыдан ойлату да, қажымай, талмай дарынды, талантты оқушыны анықтап, оның дарындылығын одан әрі дамыту да, шығармашылық тапсырмаларды көптеп беру де оқушылардың ағылшын тілі сабағына деген ынтасын арттырып, білім беру жүйесінде оң нәтижелер береді деп ойлаймын. Мұғалім мен оқушы көшбасшылығы — мұғалім оқытудағы жаңа тәсілдерді тиімді пайдаланып, нәтижеге қол жеткізе алса — мұғалімнің көшбасшылығы, ал оқушыларда топқа бөлінгеннен кейін-ақ көшбасшы көрінеді, топта айрықша белсенділік танытқан оқушы — көшбасшы, ол әдетте басқа оқушыға көмектесіп, соған жауап бергізуге тырысады, өйткені ол өзін емес, сыныптастарын, топты алға сүйрейді. Жалпы, осы тәсілдерді сабақта тұрақты пайдалану арқылы әрдайым жоғары нәтижеге қол жеткізуге болатынын түсіндім.

**Гульша Кенжеғалиқызы
БАЗАХАЕВА,**

**Дариян мектеп-гимназия
КММ-сінің ағылшын тілі пәнінің
мұғалімі.**

**Бәйтерек ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.**



Студенттердің шығармашылық қабілетін дамыту жолдары

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Білім беру жүйесінде жеткілікті нысаны – білім, білік, дағды жиынтығын меңгеру ғана емес, оқушылардың ақпаратты өздігімен табу, талдау, құрылымдау және тиімді пайдалану дағдысын бойына сіңіру, ақпараттық процесті түрлендіру арқылы студенттердің танымдық қызығушылығын қалыптастыруға назар аударылған», – деп айтылған.

Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек. [1]

Оқыту екі жақтың да, мұғалім мен студенттің, бірдей еңбек етуін талап ететін үрдіс, сондықтан оқытушы өзінің іс-әрекетін ұйымдастырып, тек оның орындалуымен ғана қанағаттанып қоймай, студенттің де белсенділігін, білім игерудегі әрекетін дамытуға ықпалын тигізуі қажет.

Бүгінгі таңда әр пәннің оқытылуында студентті жан-жақты дамытуды көздеу, білім алушының бойындағы шығармашылық қабілетін дамыту, оның дербестігі мен белсенділігіне дұрыс бағыт беру сияқты мәселелерді жан-жақты шешу қажеттілігі ескерілуде. Білім берудегі шынайы мақсат адамға белгілі бір білімді жеткізу ғана емес, сондай-ақ оның рухани, адамгершілік тұрғыдағы мәнін дамыту. Бүгінгі таңда студенттердің өмірден өз орнын табуы үшін өз бойындағы табиғи дарыны мен қабілетінің ашыла түсуіне де көмектесудің қажеттілігі арта түсуде.

Жас ұрпақтың жаңаша ойлануына, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуына әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру-жалпы білім беру жү-

йесіндегі өзекті мәселенің бірі. Сондықтан студенттердің шығармашылық белсенділігін дамыту үшін пәннің пәрменділігін арттыруда берілетін шығармашылық тапсырмалардың рөлі зор.

Шығармашылық – өте күрделі психологиялық процесс. Кейбір адамдар білім игеруде, іс-әрекетті меңгеруде, оны белгілі үлгіде жүзеге асыруда жоғары іскерлік көрсетеді. Ал басқа адамдар жаңа туынды жасауға жақын тұрады. Бірақ репродуктивті әрекеттің қандай түрінің де шығармашылық элементі болады, ал шығармашылық әрекетке репродуктивтік қызметтің қатысы бар. Тіпті өте дарынды адамдардың өздері де өмір жолын біреуге еліктеуден, үйренгеннен, тек тәжірибеге ие болғаннан кейін ғана шығармашылық қабілетін дамытқаны белгілі [2].

Шығармашылық құзыреттілікті қалыптастыру дегеніміз – студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, дәстүрлі өнерді, білімді қолдана білу, жан-жақты ізденуге бағыттауды қалыптастыру [3].

Студенттердің шығармашылық қабілетін дамыту жолдарының бірі – білім беру үрдісінде олардың өзіндік жұмыстарын күшейту. Сол себептен де шығармашылық қабілетті дамытуда өзіндік жұмыстарды ұйымдастыруды негізгі мәселелерінің бірі ретінде қарауға тура келді. Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру арқылы олардың дербес жұмыс істеу дағдыларын арттыруға, оның нәтижесінде өз ой-пікірін құрастырып, әр іске шығармашылықпен қарауға жағдай туады.

Өзіндік жұмыс үнемі оқытушының жол сілтеуімен, басшылық жасауымен ғана орындалып қана қоймай, соңғы кездегі тиімді жаңа технологиялар тұрғысынан алғанда бүгінгі студенттің, ертеңгі маманның жеке тұлғалық және шығармашылық қабілетін қалыптасты-



ратындай деңгейге көтерілуі оның түрлерін, ұйымдастырылу жолдарын, қолданылатын әдістерді, олардың беретін нәтижесін педагогикалық тұрғыда теориялық және практикалық тұстарын жан-жақты зерттеуді және зерттеу нәтижелерін тәжірибеде қолдануды керек етеді.

Студенттердің шығармашылық жұмысына оқытушының тапсырмасы бойынша өздері жоспар жасап, іс-тәсілін анықтап, оның нәтижесін бағалап орындайтын жұмыстары жатады. Студенттердің шығармашылық әрекеті білім алу қажеттігімен ұштасады. Осыған орай, олардың дербестігі ең алдымен белсенділікке байланысты, ал белсенділік дербестікті қажет етеді. Өз сабақтарымызда байқағанымыз, шығармашылық жұмыс жасау-жеке тұлғаны қалыптастыруда зор рөл атқарады, себебі студент қарапайым нәрседен ой тұтатып, қиял әлеміне шомылып, кез-келген нәрсеге өз ұсынысын, ойын еркін айта да, жаза да, көрсете де біледі.

Бүгінгі күні оқу үрдісіндегі түрлі инновациялық технологиялар — білім сапасын арттырудың кепілі. Осыған орай, педагогикалық ізденіс барысында студенттерді тәрбиелеу мен оқытуда жаңа әдістемелерді қолдануды өзімізге талап қылған едік.

Студенттердің шығармашылық қабілетте-

рін дамыту барысында ең алдымен біз олардың бойындағы жеке қасиеттерінің деңгейлеріне аса көңіл бөлуіміз керек. Шығармашыл тұлғаның бойында қасиеттері, біліктері мен дағдылары, шығармашылық ойлауы, шығармашылық қызығушылығы, шығармашылық қабылдауы болу қажет және біз оларды әрдайым дамытып отырамыз. Теориялық және практикалық проблемаларды шешу үшін студенттерге арнайы шығармашылық қабілеттер көп көмек береді.

Шығармашылық қызығушылықтың жетекші функцияларына:

- талаптанушылық;
- танымдық;
- реттеушілік;
- рефлексиялық;
- белсенді өзара қарым-қатынас, т.б. жатқызылады.

Білім саласында жүйелі жұмыстарды атқару еліміздегі ең маңызды әрі кезек күттірмейтін ауқымды мәселелердің бірі екенін ескере отырып, қазіргі заман талабына сай жаңа технологияларды, ұтымды әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы ғана кәсіби шығармашыл тұлғаларды қалыптастыруға өз үлесімізді қоса аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан — 2050»: Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» // Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.
2. Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Астана. — 2004. — 3-4 б.
3. Рысбаев Е, Ильясов С. Танымдық белсенділікті дамыту — өзекті мәселе. Қазақстан мектебі. №2, 2014. 29 б.

**А.А. МАДЕШОВА,
Ж.У. ОРЫНБАСАРОВА,**
п.ғ. магистрлері, «Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжі» КМҚК
арнайы пәндер оқытушылары.
Қарағанды облысы.





Физикадағы зерттеу есептері - оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту құралы

Шығармашылық оқу есептері деп шешу алгоритмін (ережесін, әдіс-тәсілдерін) оқушы білмейтін есептерді айтамыз. В.Г. Разумовскийдің жіктемесіне сәйкес физикадағы мұндай есептер зерттеу немесе құрастыру (конструкциялау) есептері болып шартты түрде екіге бөлінеді. Зерттеу есептері «неге?» немесе «неліктен?», ал құрастыру – «қалай істеу керек?» деген сұрақтарға жауап береді [1, 10 б.].

Зерттеу есептерін шығару процесі ғылыми жаңалық ашумен байланысты ғалымның зерттеу іс-әрекетіне (ғылыми жаңалық ашуға), ал құрастыру есептерін шығару процесі конструкциялаумен (жаңа техникалық құрылғыны ойлап табумен) байланысты өнертапқыштың конструкторлық іс-әрекетіне ұқсас. Психология ғылымы бойынша оқытудың кез келген түрі іс-әрекетке оқыту болып табылады. Ал іс-әрекетке оқыту үшін оның құрылымын білу керек [2]. Есеп шығару іс-әрекет, демек шығармашылық есептер шығаруға оқушыларды үйрету үшін шығармашылық есептің құрылымын білу керек. В.Г. Разумовскийдің еңбектерінде физиканың шығармашылық есептерін шешу іс-әрекетінің психологиялық құрылымы анықталмаған.

Студенттердің физиканың шығармашылық есептерін шығара алмайтыны олардың физикалық білімдерін кәсіби іс-әрекеттерінде қолдана алмауынан, оқушылардың алған білімдерін өмірде және практикада пайдалана білмеуінен байқалады. Республика оқушыларының Халықаралық деңгейде кезең бойынша өтіп жүрген жаратылыстану ғылыми сауаттылығын бақылау нәтижесінің төмендігі де осының айғағы.

Ойлау (мысалы, есеп шығару) психологиясының маңызды міндеттерінің бірі қандай да бір ойлау процесінің (мысалы, есеп шығару процесінің) нақты қандай әрекеттерден тұратындығын ашуы, соның негізінде қандай да

бір жағдайда қандай да бір амалдарға (операцияларға) оқыту туралы әдістеме беруі болып табылады. Белгілі психолог Л. Н. Ланданың пікірінше, мұғалім оқушыларды қандай да бір есепті шығаруға оқыта алуы үшін ол есеп шығаруды құрайтын ойлау операцияларын білуі тиіс [3, с. 13].

Ойлау операциялары: анализ, синтез, абстракциялау, нақтылау, жалпылау, жүйелеу, топтастыру, салыстыру. Анализ (талдау) деп бүтінді бөлшектеп, ұсақтап, мүшелеп белгілерге бөліп қарауды айтады. Синтез (жинау) деп ой арқылы бүтіннің бөлшектерін біріктіріп, оны бүтінге айналдыруды айтады. Анализсіз синтез, синтезсіз анализ болмайды. Анализ бен синтездің негізінде салыстыру деп аталатын ой операциясы пайда болады. Салыстыруда заттардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары айқындалады. Топтау салыстырудан барып шығатын күрделірек операция. Басты және қосалқы ұқсас белгілері негізінде заттар топтастырылады. Шындықтағы заттар мен құбылыстарды жалпылау арқылы оның елеулі қасиеттерін басқа қасиеттерінен ойша бөліп алуды абстракция дейді. Абстракцияға қарама-қарсы процесті нақтылау деп атайды. Нақтылау дегеніміз – объектінің немесе құбылыстың классы үшін ортақ белгілермен байланыссыз, өзіне тән белгілерін бөлу. Бұл жалпылауға қарама-қарсы ақыл-ой операциясы. Жүйелеу – бұл зерттелген объектілер тандалған принцип негізінде белгілі бір жүйеде ұйымдастырылатын ақыл-ой әрекеті.

Физиканың шығармашылық есептерін шығару процесін ойлау операциялары ретінде қарастыруға мынадай бір мысал келтірейік. Бірдей патрондармен оқталған ұзын ұңғылы аңшылық мылтықтан шыққан оқ әдетте алыс қашықтыққа ұшатыны неліктен? Берілген шығармашылық есепті шешу процесін ойлау операцияларының мынадай ретпен орында-



луы ретінде қарастырамыз. 1) аңшылық мылтықтың ұңғысын құрамды бөліктеріне жіктеу (анализ): атар алдында патрон салынатын казнозарядты мылтық оқпанының бөлігі; патрондарды енгізуге арналған оқпанның кеңейтілген бөлігі; қару оқпанының артқы бөлігі; атыс қаруы оқпанының «кіреберіс» бөлігі; атыс қаруы оқпанының канал бөлігі; 2) осы бөліктері берілген жағдайда олардан ұңғының өзін жинау (синтез); 3) шолақ мылтықтың ұңғысын ұзын ұңғымен салыстыру; 4) ұңғының ұзындығын s , ал онда ұлғайған газдың әсерінен тыныштық күйден үдеп қозғалған оқтың үдеуін a деп белгілеу (жалпылау); 5) газ тарапынан әсер ететін күштен ұңғының басқа бөліктері қозғалмай, тек оқ қана қозғалады деп алу (абстракция); 6) ұңғының кесілген орнына дейін оқ бірқалыпты үдемелі қозғалғанда оқ жылдамдық алып жүрген s жолын табу (нақтылау). Оқушы $F \cdot \Delta t = m \cdot v$ өрнекті жазғанда оқтың l ұшу алыстығы v жылдамдыққа, ал жылдамдық $F \cdot \Delta t$ күш импульсіне пропорционал деп $l \sim v \sim F \cdot \Delta t$ қатысын жазады.

Бұл есепті шығару үшін формуланы білу жеткіліксіз. Атылу кезінде өтетін физикалық құбылыстарды терең түсініп, оларды байланыстыратын заңдылықтарды анықтау керек. Мұндай есептерді шеше отырып оқушылар оқ-дәрі газының снарядқа әсер ету уақыты

неғұрлым көп болса, күш импульсі соғұрлым жоғары болады және мылтықтың алысқа атуына байланысты болатын снарядтың бастапқы жылдамдығы соғұрлым үлкен болады деген қорытынды жасайды. Ұңғы қысқа болса, онда оқ аз импульс алады, алысқа ұша алмайды. Мұндағы ең маңызды нәрсе шығармашылықпен ойлау: талдау, жинақтау, салыстыру, дерексіздену, топтастыру, нақтылау. Осындай ойлау арқылы есеп шартында тұспалдау мүмкіндігі берілмеген шығармашылық есептерін шешуге болады.

Әдебиеттер:

1. Разумовский В.Г. Творческие задачи по физике. — М.: Изд-во «Просвещение», 1966. — 155 с.
2. Рубинштейн С. Л. Основы общей психологии - СПб: Издательство «Питер», 2000 - 712 с.
3. Ланда Л.Н. Умение думать как ему учить? — М.: Педагогика, 1975. — 97 с.

Оңдасын МҰСАБЕКОВ,
Алматы технологиялық университетінің
жоғары математика және физика
кафедрасының профессоры.
Алматы қаласы.



Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде ойын мен ойыншықтың ролі

Бала өмірінің алғашқы алты-жеті жылы — оның өсіп жетілуіндегі ең жауапты кезең, бұл кезде ақыл-ой қабілеті, адамгершілік қасиеттері, эстетикалық сезімдері қалыптасады. Баланың адам ретінде қалыптасуының осы жақтары қызықты, мазмұнды сабақ, еңбек, ойын процесінде тәрбиеленеді.

Ойын — тәрбие берудегі ең тиімді амалдардың бірі. «Балабақшада тәрбие беру бағдарламасында» баланың денесі мен психикалық жетілуі, жеке басының дамуы үшін, балалар

қоғамының қалыптасуының ең үлкен мүмкіндігі балалардың ойынның үлкен маңызы бар екендігі атап көрсетіледі. «Бала қоғамының қалыптасуының ең үлкен мүмкіндігі балалардың ойын әрекеті арқылы қамтамасыз етілетінін қоғамдық тәрбие беру тәжірибесін көрсетіп отырса, ал зерттеу оны дәлелдей түсті, — деп атап көрсетеді. А.П. Усова: «Ойын кезінде ғана балалар қоғамдық өмірі бойынша толығымен түседі», — деген. Ойын әрекетінің осы мүмкіндігіне сүйене отырып, А.П. Усова



ойынды «қоғамдық» сапалы қасиеттерді тәрбиелеу амалы ретінде қарастырады. Бағдарлама ойынның әр түріне байланысты тәрбиелік міндеттерді айқындайды: қимылды ойындар балалардың қозғалысының жетілуіне, дидактикалық ойындар ақыл-ойының қалыптасуын, сюжетті-рольді ойындар моральдық және т.б. қасиеттерді тәрбиелеуге көмектеседі.

Ойынға берілген сипаттаманы жетекшілікке ала отырып, бұл белгілердің шартты түрде ұсынылғанын, ойынның әрбір түріне тәрбиешілердің назар аударуы керек басқа да мүмкіндіктер бар екенін ұмытуға болмайды. Мәселен, қимылды ойындар кездерінде қозғалыстың белсенді болуы тек қимыл аппараттарын ғана нығайтып қоймайды, сонымен бірге көбіне баланың жүйкелік-психикалық тұрғыдан жетілуіне де зор әсерін тигізеді. Қимылды ойындарды өте жинақы болуға жаттығу деп санай отырып, қимылды ойындар баланың ақыл-ойының айқын да ширақ, сезімі қызу, өткір, әрекетті ұйымдасқан жағдайда қалыптастырады.

Құрастыру ойындарында конструкторлық қабілет, шығармашылық қиялдаудан, эстетикалық сезімдердің жетілуінен басқа өз қиялын бақылау, оның күшін, бағытын ескеру дағдылары тәрбиеленеді. Құрастыру жұмысында мақсатқа жету ұстамдылықты, шыдамдылықты қажет етеді. Жұмыс нәтижесінде балалар іс жүзінде эстетикалық қуанышты, еңбек қуанышын танитын болады.

А.С. Макаренконь анықтамасы бойынша, ойыншық ойынның материалдық негізі болып табылады. Ойын барысында бала өз ойын, сезімін іске асырады, демек, бала қандай ойыншықтарды қолына алып, нендей ойынды ойнаса, оның ойлаған ойын, іс-әрекетін іске асыруы соған байланысты болады.

Ойыншықтар — моторлы ойыншық, сюжетті ойыншық, техникалық және құрылыс материалдары ойыншықтары, дидактикалық ойыншық, қызықты ойыншықтар, музыкалық және театр көріністері ойыншықтары болып белгіленген.

Моторлы ойыншықтар ең алдымен балалардың негізгі қимылдарын, ұсақ моторика-

ны дамыту мен жетілдіруге, қимылдың мәдениеттілігін тәрбиелеуге арналған. Ұсақ моториканы дамытуға мүмкіндік беретін ойындар мен ойыншықтарды іріктеуге айрықша назар аудару керек, өйткені мұның баланың қолын жазуға, еңбек етуге әзірлеу үшін үлкен маңызы бар.

Сюжетті немесе моторлы ойыншықтар мінез-құлықтың жақсы жақтары: нәзіктік, үйірсеңтік, қамқоршылдық, көмектесуге ықылас-тық, сондай-ақ ересек адамдар мен олардың еңбегін құрметтеу, құрдастарымен ойнай білушілік және тағы басқа қасиеттерді тәрбиелеуге көмектеседі.

Техникалық ойыншықтар балаларға қызықты және қолайлы түрде техника жайлы түсінік береді, оған қызығушылығын тәрбиелеуге және ойынға деген осы қызығушылығын жүзеге асыруға көмектеседі. Механизмді техникалық ойыншықтар мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды білім құмарлыққа тәрбиелейді, ойыншықты қалай қозғалтуға білуге ұмтылысып, осы ойыншыққа ұқсас нәрсені өз бетімен жасауға ынтасын оятады. Осы тұрғыдан келгенде алмалы-салмалы ойыншықтар, конструкторлық және жартылай фабрикаттар жиынтығы ерекше құнды болып табылады.

Құрылыс материалдарының маңызы ең алдымен материалдың өзіндік ерекшелігімен айқындалады. «Сәби үшін жақсы ойыншық ол алуан түрлі қылып өзгертуге келетін ойыншық», - деп К.Д. Ушинский атап көрсеткен болатын. Әр түрлі жиынтықтардан, құрылыс материалдарынан құрастырып жасау — балалардың бейнелеу шығармашылығының тікелей ойынымен байланысты түрлерінің бірі, мұның эстетикалық тәрбие беруде маңызы зор. Құрылыс материалдарымен ойнау процесінде бала адамның еңбек әрекетіне ұқсас жана бір нәрсе жасайтын болады: Бұл ойындар қарапайым жоспарлау ісін, міндеттерді анықтауды, материалды іріктеп алуды, әрекеттің жүйелілігі мен сәйкестігін, өзара қарым-қатынастарды ұйымдастыруды және басқаларды қажет етеді. Сонымен бірге балалар пішін мен көлем, кеңістікке орналастыру туралы білімді игеретін болады.



Дидактикалық ойыншықтар — жинамалы-құрастырмалы және басқа ойыншықтар балалардың сенсорлық процестері мен жалпы дамуын жетілдіруге өте маңызды.

Қызықты ойыншықтарға қимыл мен оқыс жағдайлар тән, бұл ойыншықтар баланы қуантады, көңілді күлкі мен жақсы көңіл күйге бөлейді, ал ересектеу балалардың білуге құмарлығын оятып, әзіл-оспақты түсінуге тәрбиелейді.

Музыкалық ойындар есту ықыласын, музыкалық есту қабілетін, ырғақты сезінуін жетілдіре түседі.

Театрлы ойыншықтар балаларды театр көрінісін тамашалауға дайындайды. Сәбилер топтарында бұл ойыншықтарды тәрбиеші ертегі, күлкілі жағдайды әңгімелегенде көрсете-

ді. Ал ересек топтардың балалары бұл ойыншықтарды өздері драмалық ойындар және басқа ойыншықтар әзірлегенде пайдаланады.

Өздеріңіз байқап отырғандай бала балабақшадағы барлық тәрбие негізін өз бойына ойын мен ойыншық арқылы қалайды екен. Қазіргі таңда балабақшаларда ойыншықтар саны мен түрлері жетіспейді. Еліміздің болашағын нығайтатын ұрпақ тәрбиесіне бәріміз бірге атсалысайық демекпін.

Эльмира Манапқызы ИСМАИЛОВА,
«Қарлығаш» бөбекжай-бақша» әдіскері.
Н. Бекежанов ауылы,
Шиелі ауданы,
Қызылорда облысы.



Болашақтағы мектеп – мұғалімдер көзімен

Қазірге таңда заман күннен-күнге қарқынды дамып келе жатқандығы баршамызға мәлім. Технология көздері сәт санап жаңа жүйелермен толығып, ақпараттық нысана шеңбері әр күн сайын кеңейіп келеді. Бұл — қоғамдағы әрбір адам саналы түрде жаңа білім көздерін дер кезінде пайдалануы қажет деген сөз. Сол арқылы заман көшінен қалмай алға жылжуға мүмкіндік туады. Кез келген мемлекеттің даму көзі бұл — жастар. Ал жастар қазіргі таңдағы пайда болып жатқан технологияларды, ғаламтор жүйесін еркін меңгеруі шарт. Демек олардың сауаттылығы сонау мектеп кезінен-ақ қалыптасуы қажет.

Бұрын мектеп жасындағы балаларға білім көзін тек мұғалім бере алатын еді. Ал қазір олардың жанына ғаламтор, түрлі ақпарат көздері келіп қосылды. Ол арқылы балалар алатын білім көзі екі есе көбейді деп айта аламыз. Бүгінде Қазақстанның біршама мектептерінде бұрыннан келе жатқан білім беру

жүйесі қолданылып келеді. Негізінде жас ұрпақты жаңа заманға икемдеп шығару үшін қазіргі оқу жүйесі түрленіп отыруы тиіс. Соған сәйкес оқушылармен қоса ұстаздардың өзі де қазіргі кездегі ғаламтор құралдарын еркін меңгеруі шарт. Мектеп тек оқушыларды біліммен қамтитын ғана емес, мұғалімдерге де жаңа мүмкіндіктер сыйлай алатын орта болғаны қажет. Болашақтағы мектепке мұғалімдер көзімен қарайтын болсақ, ондағы негізгі жүйе еркін түрде болғаны дұрыс. Мысалы мұғалімдер оқушыға еш қиындықсыз, еш алаңсыз сабақ бере алуы үшін артық қағазбастылық пен қосымша тапсырмалардан босатылуы керек. Әрбір мұғалімнің біліктілігін арттыратын жаңа орталықтар ашып, оларға толық мүмкіндіктер сыйлай білу маңызды. Мұғалімдерге жаһандық білім жүйесіндегі жаңа тәжірибелермен алмасуына жағдай жасалса балаларды оқыту деңгейі де мейлінше жоғары көтерілер еді. Әдетте мектеп сапасын, оқу



сапасын өзгерту, реформа жасау жиі қолға алынады. Алайда ең бірінші сол білімді оқушыларға беретін ұстаздардың әлеуетін арттыра білу керек. Ауылдық, аудандық, республикалық дәрежедегі мұғалімдер бір-бірлерінің іс-тәжірибелерімен бөліссе, білім сапасының өсуіне үлкен көмек болар еді.

Жаңа кезең мұғалімдері бұрынғыдай оқушыларға ақпаратты тек теория жүзінде ғана емес, практика ретінде көрсете алуы үлкен маңызға ие. Себебі ол ақпараттарды оқушылар түрлі ғаламтор көздерін оқып, таныса алатын жағдайда. Ал оларға сол білімді құндырақ ету үшін практиканың орны ерекше. Лабораториялар, кітапханалар, музейлер, дәрісханалар, т.б. оқытуға, практика жүзінде көрсетуге, дәлелдеуге мүмкіндік беретін орындар аса қажетті болып табылады. Сол себепті болашақ мектептерде осындай орындар көптеп салынуы қажет-ақ. Бұл жағдайда мектеп мұғалімдері де практика тұрғысында сауатты бола алуы аса маңызды. Теорияны практикада таза әрі сауатты орындай алуы, оқушыға мейлінше құнды ақпараттар бере білуі үшін де ұстаздардың біліктілігі жоғары болуы абзал. Ол үшін ұстаздар әлемнің мықты ғалым-профессорларынан дәрістер тыңдап, іс-тәжірибе көздерін үйреніп келуі үшін жағдай жасалғаны қажет. Сол кезде ғана олар болашақ жас мамандарға өз елімізде-ақ арнайы оқулар жүргізе алатын болады. Болашақ мұғалімдер қазіргі таңда болып жатқан түрлі саяси-әлеуметтік ақпараттарға қанық болуы, оларды сараптай білуі ертеңгі күні алдына келетін жас ұрпаққа дұрыс әрі сапалы білім бере алуына мүмкіндік туғызады. Қандай да бір пәнді, ол мейлі әдебиет, математика, биология, астрономия кез келгенін болмасын жаңа заманғы технологиялармен байланыстыра отырып оқушыларға әлемдік деңгейде білім беру – болашақ мұғалімдердің басты міндеті әрі құралы. Оқушылардың критериялды ойлау жүйесіне үйретіп, кез келген ақпаратты сыни көзқарастар арқылы сынап алуға бейімдеу керек. Олар сол ақпарат көздерін сұрыптау арқылы бір-бірімен ой бөлісіп шешім қабылдай алады. Сонда ғана оқушылар қоғамдағы түрлі өзгерістерге де, тұлғалық

дамуындағы ерекшеліктерге де біржақты қарамай жан-жақты бағалай алуына мүмкіндік туады. Мектеп оқушыларының сауаттылығы тек оқу шеңберінде ғана емес, қоғаммен байланыс жасай алуы, ортамен дұрыс қарым-қатынаста болуы, тарих пен мәдениетті мейлінше жақсы деңгейде білуі, технологияларды игере алуы аса қажетті. Ал оларға осы білім көздерін үйрету болашақ мұғалімдердің қолында десек болады. Демек, ұстаздарға осы мүмкіндіктерді сыйлай алатын жағдай туғызу керек. Келешекте бұл дүниелер білім беру бағдарламасында негізгі тақырып ретінде қозғалуы өте маңызды. Қазіргі таңда заман қарқынды жылдамдықпен дамып келе жатыр. Сол үшін жаңа технологияларды меңгерген, жаңа ақпараттарға, жаңа идеяларға толы жанашыл ұстаздар да мектептерге ауадай қажет. Олар мектепке жаңа серпін әкеліп, білім беру саласындағы олқылықтарды, кемшіліктерді жоя отырып, заманауи жаңа білім беру жүйесін қалыптастыруға қауқарлы болып келеді. Оқушылар да сол кезде ғаламтордағы артық ақпараттарды шынайы білім көздері арқылы саралай отырып білім дәрежелерін көтере алады.

Болашақ мектеп мұғалімдер көзімен жоғарыдағыдай артықшылықтарға ие әрі мүмкіндіктерге толы орын болып табылады. Ең негізгі көрсеткіш те балаларға беретін білім көзінің мейілінше сапалы болуы. Ал сол сапалы білімді бере алатын ұстаздардың әл-ауқаты да жоғары болғаны тиіс. Сонда ғана Елбасымыз тілге тиек еткен сауатты ұрпақтың қатары өте көп болатынына күмәнім жоқ. Ел ертеңі жастардың қолындағы күш ол білім екенін ескерсек, бүгіннен-ақ болашақ ұрпақты білім көзімен сусындататын мектептердің білім беру дәрежесін арттыруды қолға алуымыз маңызды.

**Жанар Рахымбековна
НҰРҚАСИМОВА,
Дарынды балаларға арналған облыстық ма-
мандандырылған
мектеп-лицей-интернат тәрбиешісі.
Өскемен қаласы,
Шығыс Қазақстан облысы.**



Инновационные образовательные технологии в дистанционном формате

Инновационная направленность педагогической деятельности предполагает включение учителей в процессе создания, освоения и использования педагогических новшеств в практике обучения и воспитания, создание в школе определённой инновационной среды. Опыт инновационной деятельности является показателем системных изменений школы. Формирование инновационной компетентности учителя — это одно из стратегических направлений в современном образовании.

В соответствии с задачами настоящего периода перед школой встала необходимость организации контактной работы учащихся и педагогических работников исключительно в информационной образовательной среде. Перед учителем возникли вопросы по организации дистанционного обучения: Какие сервисы использовать в предоставлении учебного материала? Какие платформы использовать для онлайн уроков? Как осуществлять контроль и управление за ходом учебного процесса?

Все описанные в статье технологии позволяют учителю эффективно перейти к организации образовательного онлайн-процесса.

1. Разработка собственных ресурсов в предоставлении учебного материала:

- Виртуальная доска <https://www.padlet.com/> — сервис, который даёт возможность каждому ученику вывесить свою работу на доску, а учителю — прокомментировать и оценить каждого, не потратив на это много времени.

- Онлайн-платформа совместной доски <https://www.miro.com/> — сервис являющийся инструментом объяснения визуализации учебного материала, и способом проведения мозгового штурма.

- Создание презентаций <https://www.prezi.com/> — сервис, для создания продвинутой

презентации с нелинейной структурой.

- Создание интерактивных карт <https://www.thinglink.com/> — сервис для создания интерактивного изображения, виртуальной прогулки, игры-квеста с этапами задания.

- Создание видеопрезентаций <https://www.knovio.com/> — онлайн-сервис для создания мультимедийного контента в браузере персонального компьютера.

2. Использование сервисов для создания контрольно-измерительных материалов:

- Разработка интерактивных листов <https://www.app.wizer.me/> — сервис, позволяющий создать рабочие листы, содержащие интерактивные задания. Этот инструмент можно использовать как для формирующего, так и для итогового оценивания.

- Разработка онлайн-опросников <https://www.surveymonkey.com/> — сервис, позволяет создавать опросники, собирать информацию у учеников и анализировать статистику.

- Конструктор тестов <https://www.onlinetestpad.com/> — сервис по созданию тестов с различными типами вопросов (одиночный выбор, множественный выбор, ввод числа, ввод текста, ответ в свободной форме, установление последовательности, установление соответствий, заполнение пропусков, интерактивный диктант, последовательное исключение, слайдер, загрузка файла, служебный текст.

- Конструктор опросов и форм обратной связи <https://www.simpoll.ru/> — сервис для создания тестирований, голосований и анкет, которые можно опубликовать и давать ссылки на них.

3. Геймификация учебного процесса:

- Разработка онлайн игры <https://www.kahoot.com/> — приложение с помощью которого можно создать тест, опрос, учебную игру или устроить марафон знаний.

- Разработка интерактивных упражнений



<https://learningapps.org/> - сервис для разработки разнообразных интерактивных заданий по различным предметным областям.

Изучение языков <https://www.duolingo.com/> - сервис по качественному переводу текстов и изучение языков. Обучение построено в виде маршрута, по которому движется пользователь, выполняя задания и проходя тесты. В проект включены элементы игры: уровни, задания, награды, очки опыта.

В заключении, хотелось бы отметить огромный потенциал использования всех сервисов представленных в статье. Разнообразные интерактивные упражнения, разработанные в данных сервисах, будут способствовать:

- повышению мотивации и вовлеченности учащихся в решение обсуждаемых проблем;

- активизации процесса понимания, усвоения знаний при решении задач;
- осуществлению переноса способов деятельности в новые ситуации;
- развитию личностной рефлексии учащихся.

Повышение инновационной компетентности, профессионализма педагогов — одно из главных условий всестороннего развития личности учащихся и повышения качества образования.

Ферстер Наталья Евгеньевна
Заместитель директора по ИТ
Школа-гимназия №31.
г. Нур-Султан



«Дене шынықтыру» ұғымының құрылымы мен мазмұны

Әлем халықтарының лексиконындағы «мәдениет» термині жүздеген мағынада пайда болады. Бұл тұжырымдаманың мазмұны (яғни мәдениет) қоғамның әлеуметтік қатынастарының дамуына байланысты өзгерді. Осы уақытқа дейін шешілмеген пікірталас мәселелерінің қатарына мәдениетті материалдық және рухани деп бөлу мәселесі жатады, осыған байланысты дене шынықтырудың орны туралы мәселе туындайды, жалпы-адамзаттық мәдениет.

Дене шынықтыру — бұл жалпыадамзаттық мәдениеттің ерекше және тәуелсіз саласы, күрделі және көп функциялы құбылыс деп санаймыз. Бұл адамның жан-жақты және үйлесімді дамуының маңызды құралдарының бірі, ең алдымен, ұйымның мазмұны, әдістері мен формалары арқылы ол жеке тұлғаның құрылымын құрайтын адам қызметінің барлық түрлерінің дамуына белсенді ықпал етеді. Ол адамның жалпы мәдениетімен бір уақыт-

та пайда болды және дамыды. Жалпы мәдениеттің бір бөлігі, әлеуметтік қызметтің маңызды салаларының бірі бола отырып, дене шынықтыру адамның физикалық қабілеттерін дамытуға, денсаулықты нығайтуға және қалпына келтіруге, көптеген аурулардың алдын алуға және белсенді демалу қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған. Дене шынықтыру органикалық өзара байланысты бөліктерден тұрады, олардың әрқайсысының өзіндік мақсаты, міндеттері, мазмұны мен функциялары бар. Мұндай бөліктерге (компоненттерге) дене тәрбиесі, спорт, физикалық оңалту, физикалық рекреация жатады. Бұл дене шынықтырудың ең көне компоненттерінің бірі. Дене тәрбиесі қарабайыр қоғамнан бері пайда болды және дамыды. Ол өскелең ұрпақтың жоспарлы, жүйелі және мақсатқа сай дене даярлығына, сондай-ақ біздің азаматтарымыздың практикалық тыныс-тіршілігінің түрлі салаларында қоғамның объективті қажеттілігін көрсетеді.



Дене тәрбиесі сонымен қатар жеке тұлғаның дене шынықтыруын қалыптастырудың міндетті шарты болып табылады, оған адам іс-әрекетінде құндылық, ұйымдастырушылық, мақсаттылық кіреді. Дене тәрбиесі — тәрбиенің бір түрі, оның нақты мазмұны қозғалыстарды (тыныс алуды) оқыту, физикалық қасиеттерді тәрбиелеу, арнайы дене шынықтыру білімін игеру және дене шынықтыру сабақтарына саналы қажеттілікті қалыптастыру болып табылады. Спортқа тән нәрсе — бұл оның түпкі мақсаты — бәсекеге қабілетті қызмет жағдайында жүзеге асырылатын адамның физикалық жетілуі, онсыз ол өмір сүре алмайды. Жарыс қызметі жоғары спорттық нәтижеге қол жеткізу үшін әртүрлі масштабтағы жарыстар жағдайында жүзеге асырылады. Басқаша айтқанда, спортты тармағына бәсекеге қабілетті іс-әрекет ретінде анықтауға болады, оның нақты формасы дене шынықтыру саласында адам мүмкіндіктерін анықтау мен бірыңғай салыстырудың нақты саласы ретінде тарихи қалыптасқан жарыстар жүйесі болып табылады (Л.П. Матвеев). Спорт кең мағынада бәсекеге қабілетті іс-әрекетті, оған арнайы дайындықты, сондай-ақ осы қызмет саласындағы нақты қатынастарды, нормаларды, ережелер мен жетістіктерді білдіреді. Спорттық жетістік — бұл спортшының спорттық шеберлігі мен қабілетінің көрсеткіші нәтижесінде көрінеді. Жоғарыда айтылғандардың бәрі спорттық қозғалысқа органикалық түрде енеді. Қарама-қарсы қозғалыс — бұқаралық спорт пен жоғары жетістіктер спортындағы әлеуметтік ағым, спорттық тәжірибе. Дене шынықтырудың келесі бөлігі (компоненті) ретінде физикалық оңалту дене жаттығуларын әр түрлі аурулардың алдын алу және емдеу құралы ретінде пайдалануға және организмнің бұзылған немесе жоғалтқан функцияларын, сондай-ақ алған жарақаттар-

ды (спорттық, өндірістік, тұрмыстық және туған кезде), артық жұмыс істеуді және басқа да қолайсыз себептерді қалпына келтіруге бағытталған. Физикалық белсенділік — бұл адам ағзасының өсу, даму және қалыптасу процестерін ынталандыратын табиғи биологиялық әдістер. Оның функционалдық мүмкіндіктерінің жағдайына, жасына, жынысына және денсаулығына байланысты пациент әр түрлі дене шынықтыру құралдарын, ал денсаулық жағдайындағы шөгінділерде — функционалдық терапия құралы болып табылатын емдік дене шынықтыруды пайдаланады. Басқаша айтқанда, емдік дене шынықтыру — бұл денсаулықты тезірек қалпына келтіру және әр түрлі аурулардың асқынуларының алдын алу үшін емдік-профилактикалық мақсатта дене шынықтыру құралдарын қолданатын әдіс. Осылайша, емдік физикалық мәдениет және массаж — бұл өз теориясы, әдістемесі және тәжірибесі бар үлкен жеке бағыт. Олар медицинамен тығыз байланысты. Дене шынықтырудың келесі маңызды бөлімі, бөлігі немесе құрамдас бөлігі — бұл реактивті дене шынықтыру. «Рекреация» термині (латын тілінен «rekreatio») дене шынықтыру құралдарының көмегімен дене және ақыл-ой еңбегінен, жаттығу сабақтарынан немесе жарыстардан кейін адамның тынығуын, күшін қалпына келтіруді білдіреді. Сондықтан әрбір жастың спортпен айналысуы, ол дене шынықтыру мен салауатты өмір салтын ұстанудың бірден-бір құралы болып есептеледі.

**Исенбай Отегенұлы
МОЛДАХАНОВ,
Yessenov University**

Білім беру мектебінің аға оқытушысы.

**Ақтау қаласы,
Маңғыстау облысы.**



Д. Шостакович «Шарманка»

Сабақтың түрі: аралас сабақ.

Оқушы: Толғанай Ерланова, 4-сынып оқушысы.

Сабақтың мақсаты:

1. Автордың өмірбаянымен танысу
2. Композитордың шығармасын тыңдау, оны ойнап үйрену.
3. Оқытудағы жаңа техникаларды пайдалана отырып, сабақты тиімді ұйымдастыру.

Пән аралық байланыс: сольфеджио, музыка әдебиеті, шертер, фортепиано сыныбы.

Сабақтың әдіс-тәсілі: сұрақ-жауап, әңгімелесу, баяндау, талдау, түсіндіру, аспапта ойнау.

Қолданатын көрнекіліктер: музыкалық аспаптар, реферат, слайд, фотосуреттер.

Сабақтың барысы:

1. **Ұйымдастыру кезеңі:** Сәлемдесу (ке ректі құрал-жабдықтарды түгендеу) Аспаптың құлақ күйін реттеу;

2. **Өткен материалдарды қайталау:**

Мұғалім: Толғанай, кел отыра ғой! Бүгінгі сабаққа қандай дайындықпен келдің?

Оқушы Д. Шостаковичтің өмірбаянын айтады.

3. **Жаңа сабақ:**

Мұғалім: Бүгін біз Шостаковичтің «Шарманка» деген шығармасымен танысамыз.

Шарманка деген — ол аспап. Бұл аспапта ойнап үйрену ерекше ғылымды қажет етпейді.

Ол — механикалық үрмелі аспап. Дыбыс шығаратын түтікшелері бар. Білікшелер салынған, кішігірім, жәшік пішінді тасымалды орган түрі. Ең алғашқы шарманка әнші құстарды зерттейтін ғалымдарды қарапайым әуендерге үйрету үшін XVIIIғ. жасалған. Бұл кішкентай аспап серенетта деп аталған, бірақ олардың үні өте баяу болған. Шеберлер дыбысты күшейтумен айналысып, сол мақсаттарына жеткен.

Кезбе әртістер шарманканы қатты ұнатқан. Еуропаның сол кездегі танымал әндері

сол шарманкамен орындалған. Кейіннен радионың ойлап табылуына байланысты шарманкаларға сұраныс азайған.

Слайдка назар аударсақ.

Аспаптың қандай болғанын және дыбысының қалай болатынын естуімізге болады.

Ендеше бұл шығарманы мен саған ойнап көрсетейін. Тыңдай ғой.

Бұл шығарманың ең алдымен формасын талдап көрейік.

Мұғалім: Өлшемі қандай?

Оқушы: 2/4

Мұғалім: Тональності қандай?

Оқушы: Сол мажор (Gdur)

Мұғалім: Біз қолымызды жаттықтырып осы соль мажор гаммасын ойнайықшы.

Оқушы: Оқушы ойнайды.

Мұғалім: Бұл шығармада не көріп тұрсын?

Оқушы: 2 такт пауза, яғни бұл кіріспе (вступлениесі)

Мұғалім: Ол жерде яғни фортепиано аспабы 2 такт ойнайды екен.

Содан кейін...?

Оқушы: 4 такт бұл 1-ші кезең тағы 4 такт ойнағанда 2-ші кезең аяқталады. 2 кезең 1 сөйлемді құрап тұр.

Мұғалім: Осы 1 сөйлемде қандай штрихтармен ойнаймыз.

Оқушы: легато, нон легато.

Мұғалім. Ал ары қарай 4 такт 1 кезең, тағы 4 такт — 2ші кезең. Екі кезең 2-ші сөйлемді құрап тұр. Бұл жердегі штрихтар қалай?

Оқушы: PIZZ әдісін қолданамыз.

Мұғалім: Осы жерден бірінші бөліміміз аяқталады екен. Иә.

2-ші бөлімнің құрылысы қалай екен?

Оқушы: 4 такт — 1 кезең тағы 4 такт 2 кезең 2 кезең — 1ші сөйлемді құрап тұр.

Мұғалім: Жақсы. Ал 2 сөйлемнің де құрылымы дәл солай, яғни 4 такт-1 кезең, келесі 4 такт-2ші кезең, яғни бұл жерде 2ші сөйлем аяқталады. Штрихтары қалай Толғанай?

Оқушы: 1ші сөйлемнің штрихтары нүкте-



лі нота және легато, ал 2ші сөйлемінде 8дік және 16лық ноталар.

Мұғалім: Ары қарай тағы 4 такті бұл бізде кода мено mosso (асықпай ойнау керек).

Жалпы Шостакович өзінің шығармаларында кездейсоқ белгілерді қолдану стилін жақсы көреді.

4. Аспапта ойнау.

Талдау, ойнау, қате жерлерімен жұмыс жасау. Көрсету, үйрету, түсіндіру.

Мұғалім: Енді Толғанай дәл осы шығарманы шертер аспабында қалай ойнайды екенін тындап көрейікші.

4. Қорытынды:

Мұғалім: Толғанай бүгінгі сабақтан не түсіндің, нені білдің?

О: Ойын айтады.

5. Үйге тапсырма: Осы шығарманы нотамен санап таза ойнап келу.

6. Бағалау.

Дана Сапарбекқызы

САПАРБЕКОВА,

Зайсан ауданы бойынша білім бөлімінің

«Балалар музыка мектебі»

КМКК бас қобыз сыныбы мұғалімі.

Зайсан қаласы

Шығыс Қазақстан облысы.



Фортепиано и его создатели

Цели:

Образовательная: вызвать интерес к дальнейшему изучению фортепианного музыкального искусства и заинтересованности в классических произведениях;

Воспитательная: стремление к человечному, разумному, хорошему;

Развивающая: развитие художественного вкуса и эмоций.

Задачи: изучить историю возникновения фортепиано.

Ход мероприятия:

Учитель: история создания фортепиано начинается с конца XVIII века, предшественником фортепиано был клавесин. Этот инструмент обладает нежным серебристым звучанием. Каждая клавиша — своей струной. Музыка отличается «лёгкостью». Она «выпорхнула» в мир нарядных светских увеселений и домашний занятий. Излюбленным способом импровизации клавесинистов является разукрашивание отдельных звуков мелодий орнаментом мелких, быстрых ноток — музыкальных «кружев». Бес-

численные бантики и завитки на костюмах и причёсках, причудливый орнамент мебели и внутренней отделки салонов — всё это дополняло нарядные орнаменты клавесина.

Для клавесина музыкальные произведения сочиняли итальянские и французские композиторы: Ж. Рамо, Ж. Люлли, Ф. Куперен.

Послушаем менуэт Ж. Рамо в исполнении на фортепиано.

Ученица: Менуэт — это старинный народный французский грациозный танец, названный так вследствие своих мелких шажков на низких полупальцах. Произошёл от медленного хороводного танца провинции Пуату. Движения менуэта были построены в основном на поклонах и реверансах, что создавало не столько впечатления танца, сколько «приглашение» к танцу или прелюдии.

Учитель: Продолжатель традиций клавесинного исполнительства И.С. Бах. Его инвенции (изображения), прелюдии и фуги написаны «...для пользы потребления жадного до учения музыкального юношества, как и



для особого времяпрепровождения тех, кто уже преуспел в этом учении».

Послушаем инвенцию И.С. Баха в исполнении на фортепиано.

Ученик: И.С. Бах (1685-1750 гг.) Великий немецкий композитор. Наиболее высокая и эстетически богатая область баховского творчества — полифония (многоголосие). С Величайшим совершенством Бах запечатлел в музыке внутренний мир человека в те минуты, когда в нём теснятся различные думы и чувства, наплывая друг на друга, расслаиваясь, рассеиваясь, перекликаясь и вновь возникая.

Инвенции — в переводе с латинского «изображения». Инвенциями назвал Бах небольшие полифонические пьесы, которые он сочинял специально для своих учеников. Это были своего рода упражнения, необходимые для того, чтобы овладеть приёмами исполнения сложных полифонических произведений, в частности фуг. Это название композитор подобрал чрезвычайно точно, так как инвенции действительно полны выдумок, остроумных сочетаний и чередований голосов. Инвенции И.С. Баха — это яркие художественные произведения, в каждой из которых воплощено определённое настроение.

Учитель: Но, как ни старались мастера, они не могли преодолеть недостаток клавесина — его однообразное звучание. Сила звука зависела не от упругости пёрышка, защищающего струну. Искусные музыканты могли взять звук чуть громче или чуть тише. Но для исполнения многих произведений такой небольшой разницы в силе звука уже не хватало. Были скованны и композиторы. В нотах пьес, предназначенных для клавесина, они не могли указать два форте, так как знали, что громче какого-то среднего уровня клавесин звучать не может.

Назревала идея создания нового инструмента, который сохранил бы в себе все достоинства клавесина. Но, вдобавок, стал бы то более послушным, то энергичным — лёгким движением пальцев музыканта.

В 1709 году итальянский клавесинный мастер Бортоломео Кристофори (1655-1732 гг.) сконструировал фортепиано.

Новый инструмент, на котором можно было играть как громко, так и тихо. Отсюда и название — фортепиано «громкотихо».

Колоссальные ресурсы громкостной динамики, огромный диапазон (около 90 клавиш), педали, позволяющие создать разнообразие живописно — колористические эффекты — всё это даёт основание говорить о многоцветной звучности современного фортепиано (рояля).

Механизм педали совершенствуется. Последние существенные «штрихи» в усовершенствовании инструмента внёс Генрих Стенвей. Основанная им фирма в 1859 году в Нью-Йорке «Стенвей и сыновья» получила мировое признание.

Знаменитые немецкие композиторы Й. Гайдн и В. Моцарт писали для клавесина и уже для фортепиано.

Послушаем произведения Й. Гайдна и В. Моцарта в исполнении учеников на фортепиано.

Учитель: Л. Бетховен сочинял свои произведения только для фортепиано. Прометей в музыке, он создал пианизм героического стиля. Бетховен сочинял образцы фортепианной игры неслыханного ранее динамического напора, резких «чёрно-белых» контрастов, выразительно-речевых драматических эффектов. Его игра шумела подобно дико пенящемуся вулкану.

Послушаем произведение Л. Бетховена в исполнении учеников на фортепиано.

Учитель: Фортепиано очень любили и сочиняли для него свои произведения разные композиторы мира. И. Гофман писал: «...то, что мелодия, бас, гармония, фигурация, полифония и самые запутанные контрапунктические фигурации могут в умелых руках быть воспроизведены на фортепиано одновременно...и побудило, вероятно, великих мастеров музыки избрать его своим любимым инструментом».

Сауле Гарифуллаевна ТУРЕМУРАТОВА,
преподаватель фортепиано
РКСМШИ им. А. Жубанова
г. Алматы.



Төлдер

Білім беру саласы: Қатынас

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Көркем әдебиет.

Мақсаты: Балалардың үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейту. Олардың төлдерін ажырата білуге үйрету. Сөздік қорларын молайту, тілдің белсенділік қызметін арттыру. Жан-жануарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Суреттер, мультимедия, муляждар.

Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, түсіндіру, ертегі, сергіту, ойын.

Билингвалды компонент: қозы — ягненок, лақ — козленок, бұзау — теленок.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	Балаларды Шаттық шеңберіне тұрғызу. Өлең жолдарын қайталау: Қуанамын мен де, Қуанасың сен де. Қуанайық бәріміз, Арайлап атқан күнге. - Балалар, сендер бір-бірінді жақсы көресіңдер ме? Ендеше, көңіл-күйіміз көтеріліп қалуы үшін бір-бірімізге жақсы тілектер айтайықшы. - Бір-бірімізден жақсы сөздер естіп, көңіліміз көтеріліп қалды. Ендеше көтеріңкі көңіл-күймен бүгінгі оқу қызметімізді бастайық. - Балалар, сендердің қонаққа барғыларың келе ме? Олай болса, қазір бәріміз ата-әженің үйіне қонаққа барайық. - Қанекей, жолымыз қысқару үшін ән айтып барайық, сонда тез жетеміз. «Қошақаным» әнін айту. Ата мен Әже: - Амансыңдар ма, шырақтарым?	Балалар өлең жолдарын хормен қайталайды. - Иә - Іңкәр, сен мен үшін тамаша доссың! т.б. - Иә.
Ұйымдастыру іздентушілік	Тәрбиеші: - Сәлеметсіздер ме, Ата, Әже? Халдарыңыз қалай? Біз сіздердің үйлеріңізге қонаққа келіп қалдық. Бүгін біз төрт түлікпен және олардың төлдерімен танысу үшін осында келдік. Әже: - Ой, айналайын, құлындарым! Сендердің келгендерің жақсы болды. Айналайын, құлындарым! Бізде төрт түліктің бәрі де бар. Үй жануарларының пайдасы көп. Әжелерің сиыр сауады, сиырдың сүтінен май, қаймақ, құрт жасайды. Сиырдың төлін — бұзау, қойдың төлін — қозы, ешкінің төлін — лақ деп атайды.	Балалар әнді айтады. - Сәлеметсіз бе? - Иә.



Рефлексивті – түзетушілік	Сендер төлдерді жақсы көресіңдер ме? Тәрбиеші: - Балалар, ендеше төлдер туралы білетін тақпағымызды айтып берейік. Тәрбиеші: - Жарайсыңдар, балалар! Сендер төлдер туралы жақсы тақпақтар біледі екенсіңдер. Ал енді олардың қалай дыбыстайтынын білесіңдер ме? Онда «Не, қалай, дыбыстайды?» деген ойын ойнайық. (Тәрбиеші бір төлдің атын айтады, балалар оның дыбысын салады) Тәрбиеші: - Ата, Әже, біздің балабақшаға қайтатын уақытымыз болып қалыпты. Рұқсат болса, біз қайтайық. Ата: - Айналайын, балапандарым, біз де қуанып қалдық. Осылай жиі-жиі келіп, бізді қуантып тұрыңдар. Мынау әжелерің жайған құрт, балабақшаға барған соң жейсіңдер. Сау болыңдар! Тәрбиеші: - Балалар, жолда шаршаған боларсыңдар, ендеше сергіту жаттығуын жасап, сергіп алайық. «Төлдер» әнін айтады. - Балалар, Ата мен Әженің үйінде нелерді көрдік? - Олай болса, мен сендерге осы төлдер туралы «Құлын, қозы, лақ» деп аталатын ертегі айтып берейін. Мұқият тыңдаңдар. (Ертегіні айтып береді) Сұрақтар қоя отырып, балалардың түсінігін пысықтау. - Ертегі ұнады ма сендерге? - Ертегіде қандай үй жануарлары туралы айтылған? - Қозы қалай ойнағанды жақсы көреді? - Лақ қалай ойнағанды ұнатады? - Құлын ше? - Ертегі қалай аяқталады? - Төлдерге қандай қамқорлық жасаймыз? - Балалар, бүгінгі төлдер жайлы алған білімімізді пысықтау үшін «Төлін тап» деген ойын ойнап жіберейік. (Мультимедиядан үй жануарларының суреттерін көрсетеді, төлдерін тауып орналастырады)	Іңкәр: Ақ лағым ұнайды, Мә – мә – деп сүт сұрайды. Тастан – тасқа секіріп, Селтендейді құлағы. Асылжан: Кіп – кішкене момақан, Қошақанды ұнатам. Сүйеді апам «қозым» деп, «Қошақаным» өзін деп. Төлдердің дыбыстарын салады. - Сау болыңыздар, Ата, Әже! Қимыл-қозғалыстар жасап орындайды. - Төлдерді Балалар өз ойларын айтады, қойылған сұраққа толық жауап береді. Ойынды қызығып ойнайды.
---	--	--



	Балаларға қозы — ягненок, лақ — козленок, бұзау — теленок сөздерін қайталатып айтқызу. Балаларды мадақтау, іс-әрекетті қорытындылау.	Сөздердің орысша айтылуын қайталап айтады.
--	---	--

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі? Төрт түлікті және төлдерді ажыратуды;

Нені игереді? Төлдердің қандай пайдасы бар екендігін;

Нені білді? Өз ойларын жүйелі айтуды.

**Қарлығаш Аманбайқызы
МЫРЗАХМЕТОВА,**

«Қарлығаш» бөбекжай-бақша» тәрбиешісі.

Н. Бекежанов ауылы,

Шиелі ауданы,

Қызылорда облысы.



Быть как рельсы вместе

Цели:

Обучающие:

- формирование у школьников понятия «Дружба»;

- раскрыть личностную и социальную значимость дружбы.

Воспитательные:

- воспитание добрых качеств детей, умение дружить и бережно относиться друг к другу;

- расширять и углублять представление детей о доброжелательном отношении к окружающим их людям;

- воспитывать умение работать в паре (навыки взаимопомощи, доверия при решении различных проблем).

Развивающие:

- развивать творческие способности, инициативу, познавательную активность.

Оборудование

мультимедийный проектор, экран, компьютер; бук трейлер, фрагмент из к\фильма «В бой идут одни старики», листы.

Ход занятия.

1. Приветствие;

2. Психологический настрой на урок:

Повернитесь все друг к другу,

И пожмите руки другу.

Руки вверх все поднимите,

И вверх пошевелите.

Крикнем весело: «Ура!»

Урок наш начинать пора!

2. Введение в атмосферу

- Ребята, на этом слайде опорный рисунок. *Что это? Как вы думаете, о чем будет наш классный час?* Сформулируйте тему. (На доске записать варианты ответов учащихся)

А сейчас давайте посмотрим фотографии и вместе споем песенку о дружбе.

- *Как вы думаете, с кем ребята рядом находятся?*

- *А у вас есть друзья? Расскажите о своем друге (подруге).*

3. Рассказ о животных

- Ребята, «дружба крепкая» бывает только среди людей?

Удивительный пример нежности к слабейшим пришлось мне прочитать в одном журнале. Около одного немецкого города на мельнице одна кошка заметила только что вылупившихся цыплят, у которых наседку утащил ястреб. Цыплята были такие жалкие, беспомощные и так жалобно попискивали. Кошка лежала в отведенной для нее корзине с сеном: она подошла к цыплятам долго рассматривала их и потом перетаскала их одного



за другим к себе в корзину. Цыплята быстро окрепли и тут-то наступило беспокойство для кошки. Надо было следить за этим маленьким, беспокойным цыплячьим народом, который беспрестанно разбегался в разные стороны. Кошка осторожно и терпеливо загоняла их в корзину, а непослушного удивительно осторожно брала в рот и относила к его братьям.

Через несколько дней и у самой кошки появились на свет котята. Все думали, что после этого любовь ее к цыплятам остынет. Не тут-то было! Кошка одинаково нежно обходилась со всем своим многочисленным семейством. И мало того, несколько дней спустя она принесла в свою корзину еще трех беспомощных утят... Когда цыплята и утята уже подросли, они, конечно, разбежались из корзинки, и кошке не было уже возможности собрать их к себе. Но долго после того, когда кошке приносили хозяева еду на площадке, - птицы ее сбегались к ней со всех сторон, чтобы закусить вместе с приемной матерью.

6. Тренинг. Я предлагаю небольшой тренинг, который называется «3 чувства».

- Встаньте спиной к друг другу и по команде повернитесь к друг другу с грустным лицом. Молодцы, похлопайте друг другу.

- Теперь отвернитесь опять и по команде сделайте яростное лицо. Молодцы, похлопайте друг другу.

- А теперь доброе лицо. Молодцы, похлопайте друг другу. Спасибо, садитесь.

Вы, наверное сами убедились что приятнее всего доброе лицо с улыбкой, которая и располагает к дружбе.

7. Рассказ о летчиках из музейной книги

Ребята, в прошлом году мы отметили 75-летие Великой Победы. Я хочу вам представить одну из историй тех военных лет о настоящей дружбе двух летчиков. Эта книга из школьного музея. Фрагмент из рассказа «Два друга».

«Казаков и Коротков были чем-то похожи друг на друга, как братья. Их сходство было не по лицам, а по духу, характеру, по идеям и по личным качествам. Володя и Сергей не

могли жить друг без друга. Они были всегда и везде вместе. В столовой сидели за одним столом, играют ли в игры какие, в кино или на концерт — они были как будто связаны друг с другом. В конце декабря 1943 года из города Комсомольск на Амуре в 955-ый авиационный полк прилетели 12 летчиков-штурмовиков, там переучивались. Двое из них Коротков и Казаков в январе начали боевые действия; сделали более 12-ти боевых вылетов и 2 февраля 1944 года (музыка на слова В. Высоцкого) в один день оба погибли. Они были настоящие друзья».

7. Ребята а теперь я предлагаю вам вспомнить песенки о дружбе и спеть их. (слайды с строчками из известных песен)

8. Обобщение

Итак, ребята, какой была тема нашего классного часа? Как вы ее связали с рельсами? Посмотрите еще раз на ваши предположения.

А тема классного часа была какой? (Слайд)

Рельсы всегда рядом: каждый рельс несет на себе половину трамвая. И не расходятся они: ведь если один хоть на минуточку отлучится, другому придется нести на себе целый трамвай. Это и есть настоящая дружба: быть рядом с другом не для игры, не для развлечения, а взять на себя половину трамвая, чтобы другу не пришлось нести на себе целый трамвай.

А теперь я попрошу вас выйти ко мне. Назовите качество, без которого не может быть дружбы. Посмотрите, ваши руки как лучики солнца, которые излучают добрый свет. Скажем все вместе: «Дружба — это Я и Ты».

Напишите на листочках небольшое эссе о своих друзьях, о дружбе.

- Ребята, спасибо за откровенность. Желаю вам, чтобы вы были хорошими друзьями и с вами были настоящие друзья.

Асель Булатовна КАЗМАНОВА,
учитель английского языка
ОШ №4 г Аксая.
Бурлинский район,
Западно-Казахстанская область.



Өзіндік жұмысына баламалы бағалаудың тиімділігі

Отандық М. Жанпейісова, А.Е. Әбілқасымова, Р.С. Омарова және шетелдік ғалымдар Браун, Хадсон жасаған бағалаудың дәстүрлі және балама әдістері бар. Әр техниканың өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері бар екені анық. Бұдан басқа, бағалаудың қандай да бір тәсілін таңдау кезінде мынадай факторларды ескеру қажет: жас ерекшеліктері, болжанатын іс-әрекеттің мән-мәтіні, бақылау мақсаты, бағаланатын білім, білік және дағды тобы және т.б. Өзіндік жұмыстағы бастапқы кезеңнің маңыздылығын асыра бағалау қиын, өйткені ол табысты жұмыс істеу және оның өзгерістеріне бейімделу үшін қажетті құзыреттерді қалыптастыру үшін негіз қалайды. Стандарт – білім алушылардың өзін-өзі дамытуға дайындығы мен қабілетін, оқуға және танымға уәждеменің қалыптасуын; оқу іскерлігінің негізін құрайтын түйінді құзыреттерді және пәнаралық түсініктерді меңгеруді қамтитын бастауыш жалпы білім берудің негізгі білім беру бағдарламасын меңгерген білім алушылардың нәтижелеріне қойылатын талаптарды белгілейді; оқу пәнін оқу барысында білім алушылар игерген жаңа білім алу, оны қайта құру және қолдану бойынша осы пәндік салаға тән тәжірибе, сондай-ақ әлемнің заманауи ғылыми бейнесінің негізінде жатқан ғылыми білімнің негізгі элементтерінің жүйесі. Білім алушылардың өзіндік жұмысын бағалаудың баламалы тәсілдерін қолданудың мақсаттары: білім алушыларды өз білімдерін бағалауға, өз жұмысына сыни қарауға үйрету; оқушыларға өз білімі мен білмеуінің шекарасын белгілеуге көмектесу болып табылады; студенттердің жеке ресурстарындағы өсу (ұқыптылық, еңбекқорлық, шыдамдылық, табандылық және т.б.); жұмыс үшін өз бағасын мұғалімнің бағасымен салыстыра білу.

Өзіндік жұмысты баламалы бағалаудың теориялық және практикалық жағынан тиім-

ділігі орасан зор. Өйткені «есепке алу», «бақылау», «бағалауды» ұйымдастырудың мәні, олардың оқу процесіндегі қызметі өте маңызды.

Күнделікті оқу сапасын тексерудің «10» баллдық жүйесі оқушылардың білімдерінің нақтылы дайындық дәрежесін барлық жағдайда айқын көрсете бермейді. Ондағы негізгі кемшіліктің бірі, оның жеткілікті түрде ішкі және сыртқы кері байланысты қамтамасыз ете алмауында. Соның нәтижесінде оқыту процесінің сапасын арттыруда мұғалім әр кезде бағалау жүйесін дұрыс қолдануда қиындықтар туындап жатады. Ал біздің ұсынып отырған баламалы бағалау жүйесі, өзіндік жұмыс жүргізуде, баланың деңгейін анықтауда тиімді болып табылады.

Бағалаудың деңгейі үш топқа бөлінеді: V, L, O.

Бірінші деңгей V – шартты белгісі. Бұл деңгейде білім, білік және дағдыны бағалауды, әрбір бағаның көрсеткіштері мен өлшемдері жоғарғы деңгейлі.

Екінші деңгей – L шартты белгісі. Бұл деңгейде түзетушілікті қажет ететін бағадағы көрініс- орта деңгей.

Үшінші деңгей O – шартты белгісі. Бұл деңгей қалыптастырушылық, дамытушылық, көмекті қажет ететін, ынталандырушылық болып келеді.

Оқыту процесінде баламалы бағалаудың формалары қалыптасқан. Оның тиімділігі – мұғалімінің оларды дұрыс ұйымдастыруына байланысты. Мысалы: өзіндік жұмыста барлық оқушыларға сұрақтар немесе мазмұны бірдей тапсырмалар беріледі. Оларды орындау барысында оқушылар өз бетінше жұмыс жасай алады, ал қорытынды бағалауға келгенде оқушының толық аты-жөні жазылмайды. Ол тек қана әр оқушының өзіне тән жеке коды арқылы беріледі. Осы кезде баламалы бағалаудың нәтижелі болуының кепілі, кей-



де кейбір оқушылар түрлі себептерге байланысты (сабақ жіберу, нашар үлгеру, ауру, т.б.), қосымша көмекті қажет етулері мүмкін осындай жағдайда баға немесе төмен нәтиже оқушының ішкі уәжін, талпынысын, сабаққа деген ынтасын түсірмейді. Баға «балл» есебінде көрсетіледі. Мұғалім төмен нәтиже алған оқушылардың жұмысын ерекше еске алып, сол бойынша жұмыс жасайды.

Өзіндік жұмыс жүргізуде баламалы бағалау формасы әрбір оқушының білімін, іскерлігін

және дағдысын терең, жан-жақты анықтауға мүмкіндік береді және оқыту барысында жақсы нәтиже беретіні сөзсіз. Баға — білімді есепке алу ғана емес, ол тәрбиелік құрал. Сондықтан, оқушы білімін бағалауда немқұрайлылыққа жол беруге болмайды.

Альмира Зуфарқызы АХМИЕВА,
№64 мектеп-лицейінің бастауыш
сынып мұғалімі.
Нұр-Сұлтан қаласы.



Х дыбысы мен әрпі

Сабақтың мақсаты:

1. Х дыбысы мен әрпін таныстыру, х әрпі бар сөздерді дұрыс оқып, сауатты жаза білуге үйрету. Кітап туралы ойларын, хат тасушы мамандығы бойынша түсініктерін кеңейту. Сауатты, әдемі, көркем жазуға үйрету;

2. Оқушылардың ой-өрісін, тіл байлығын, тапқырлық, ізденімпаздық қабілеттерін дамыту;

3. Кітапты күтіп ұстай білуге, кітапхана-шы, хат тасушы мамандық иелерінің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.

Типі: жаңа сабақ.

Әдісі: ізденушілік, танымдық сұрақ-жауап, талдау-жинақтау, жеке, жұптық, ұжымдық жұмыс формалары.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, оқулық, суреттер, кеспе әріптер, үлестірмелі қағаздар.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру.

Балалар, қазір бізде қандай сабақ болғалы тұр?

Бүгін бізде жай сабақ емес, бізге қонақтар келіп отыр. Сондықтан сабаққа барлықтарың жақсы қатысыңдар.

Әр топ өздерін таныстырады.

II. Өтілген материал бойынша жұмыс.

III. Жаңа сабақ.

- Балалар, қарандаршы, бізге қонаққа Дара мен оның досы Боти келіпті. Сендер бұл мультфильмді көрдіңдер ме? Олар — із кесушілер.

Тақтаға назар аударайық. Көгершін бізге бір нәрсе әкеле жатыр екен. Ол не деп ойлайсыңдар? Ол — хаттар.

Хат деген сөзді барлығымыз бірге айтайық. Ең бірінші қандай дыбыс естіп тұрсыңдар? Хатты не арқылы жазамыз? Тағы да қалай жазуға болады?

Компьютер арқылы хат жазуға болады. Оны Интернет арқылы жібереді. Хат тасушы адамды кім дейді?

- Пошташылар күнделікті 46 000 адамға хат тасиды, поштаға барған 1500-2000 адамға қызмет көрсетеді екен. Олар суық, ыстық күндерге қарамай елдің көптен күткен хаттарын тасиды екен. Хатты жазып болған соң оны конвертке салып, сыртына хат алушының мекен-жайын жазып, поштаға апарып саламыз. Бұрынғы кезде пошта болмаған кезде осындай көгершіндер пошташының рөлін атқарған.

- Ендеше, бүгін біз сендермен х дыбысы және әрпімен танысамыз.

- Х дыбысын дыбыстайықшы.

- Қандай дыбыс екен?



Хх дыбысына тоқталу — дауыссыз дыбыс, араб, парсы тілінен енген.

- Қай үйшікке саламыз? Хат сөзін дыбыстап, дыбыстық талдау жасайықшы.

- Балалар, қарандаршы, бізге хат әкеле жатқан көгершін адасып кетіпті. Біз оны іздеп табайықшы. Бізге кім көмектесе алады?

- Дұрыс айтасындар, саяхатшы Дара мен Боти. Олар қайдан табарын білмегенде кімнен көмек сұрайды?

- Картадан.

Орман, өзен, үй.

- Ең алдымен қайда барамыз?

- Орманға. Орманға бара жатып мынадай тапсырмалар орындайық.

- Оқулықтағы жаңа сөздерді хормен оқып, әр сөздің мағынасын аша отырып, сол сөзге сөйлем ойлау.

хор хабар кітапхана асхана

хат халат шеберхана дәріхана

хан хадис хаттама Тахауи

- Міне, біз орманға жеттік. Бізге мұнда алаяқ түлкі кездесіп қалды. Ол бізге тиіспес үшін мынадай тапсырма орындайық.

«Адасқан әріптер» ойыны.

I топ.

1. А, т, х - 1. О, р, х - 1. Н, х, а -

1. А, б, р, х, а - 2. А, л, т, х, а -

2. Х, а, м, т, а, ш -

Біз орманнан өттік. Енді өзенге барамыз. Өзенге барар жолда тағы тапсырмаларды орындайық.

0	1	2	3	4	5	6	7	8

$$А3+3=$$

$$п 2+2=$$

$$а 6-3=$$

$$т 5-3=$$

$$к 3-3=$$

$$х 2+3=$$

$$н 1+6=$$

$$а 7+1=$$

$$і 3-2=$$

«Кітапхана» деген сөзді қалай түсінетіндері жайлы сұрау, ойларын ортаға салғызу.

Пікір алу стратегиясы.

- Балалар, біздің мектепте кітапхана бар ма?

- Кітапхана бар.

- Кітапханада нелер бар?

- Кітапханада журналдар, газеттер, қызықты кітаптар, ертегі кітаптар бар.

Кітапхана туралы біраз мағлұмат беру. Кітапхана мәтінін оқушыларға тізбектей оқыту. Мәтінді талдау.

- Өзеннен өттік, енді қайда барамыз? (Үйге).

Жолда бос бармай, жұмбақтар шешейік.

Аяғы жоқ, қолы жоқ,

Жүрмейтұғын жолы жоқ. (Хат)

Үйге жетіп, көгершінді табу үшін «кітапхана» деген сөзден сөздер тудырайық.

- Ал, енді, осы хатпен танысайық.

Президентіміздің жолдаған хатын әрбір оқушы дауыстап оқиды.


«Еңбегіңмен алған білімің өзің үшін де, елің үшін де таусылмас асыл қазына болмақ.

Елін, жерін сүйетін, жаны ізгі жақсы азамат болып өсетіндеріне сенемін».

Қазақстан Республикасының Президенті.

Бекіту.

- Жарайсындар, балалар. Сендерге саяхат жасаған ұнады ма? Саяхаттың қай бөлігі сендерге ұнады? Біз бүгін қандай дыбыспен таныстық? Х дыбысынан басталатын қандай сөздер айтып үйрендіңдер?



Қортындылау.

- Балалар, бүгінгі сабақтан біз көп нәрселерді үйрендік. Сол істі әрі қарай жалғастыру сендердің міндеттерің. Сендер кітапты көп оқып, болашақта ақылды, білімді ел азаматы болып шығуларың керек.

Үйге тапсырма: Кітапхана туралы мазмұндау. Х дыбысын жазу.

Мадақтау.

**Мөлдір Болатқызы
БАЙКЕНОВА,**

Ы. Алтынсарин атындағы мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі.

Ақсу-Аюлы селосы,

Шет ауданы,

Қарағанды облысы.



Қауіпсіздік ережесі.

Саптық жаттығуларды оқып үйрену

Бұл сабақ қатыстыратын танымдық мақсат(тар)	7.3.4.1 - денсаулықты нығайтуға бағытталған дене жаттығулары кезінде болуы мүмкін қауіп-қатерлерді анықтай білу.	
	Барлық оқушылар келесіге қабілетті болады:	
	гимнастика сабағының қауіпсіздік ережесін ұғындыру.	
	Көптеген оқушылар келесіге қабілетті болады:	
	Басқа оқушыларды байқау және оларға сындарлы пікір айту.	
	Кейбір оқушылар келесіге қабілетті болады:	
	Динамика мен кеңістіктегі айқын өзгерістерді көрсететін жаңартпашыл және бір қалыпты реттіліктерді ойлап шығару. Топтық жұмысты сенімді жүргізіп, өз серіктестерімен бірлесіп жұмыс жасау.	
Жетістік критерийлері	Саптық жаттығуларды орындай біледі.	
Тілдік мақсат	өздерінің когнитивтік және физикалық білімдерін, гимнастика контексінде түсініктері мен дағдыларын көрсете және талқылай алады.	
	· <u>Негізгі сөздер мен тіркестер:</u> Сендерде бұл тапсырмада басқа қауіпсіздік ережелері бар ма және бар болса, неліктен?	
	· <u>Диалог/жазу үшін сынып ішіндегі пайдалы тіл:</u>	
	· қозғалыстар үйлесімі, мүсін.	
	<i>Талқылау үшін сұрақтар</i>	
	<i>Неге болғанын айта аласыз ба?</i>	
Алдыңғы білімдер	Сендер соңғы қозғалыстар реттілігін әр алуан әрі қарама-қайшы ету үшін кеңістіктегі қозғалыстарыңды өзгерте аласыңдар ма (деңгей/бағыт)?	
	Жалпы дене тәрбиесі сабағына шолу жасау.	
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар	Құралдар
Сабақтың басы	Оқушыларды сапқа тұрғызу, сәлемдесу, рапорт беру. Сабақтың мақсатын түсіндіру. Бір орында: Оңға, солға, кері бұрылу. 2. Жүру: Қолды жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен жүру. Қолды жанға созып өкшемен жүру. Жартылай отырып, толық отырып жүру. 3. Жүгіру: Еркін жүгіру, түзу аяқты көтеріп жүгіру, аяқты артқа түзу жүгіру, екі жаққа аяқты көтеріп жүгіру. Жүріске ауысып, тыныс алу жаттығуларын орындау. Бір орында жалпы дене шынықтыру жаттығуларын орындау.	Жер үстіне жайылған маттар бар үлкен, таза алаң. Бастау-тоқтау дабылы ретінде барабан.



		
Ортасы	Гимнастика бойынша қауіпсіздік техникасы жөніндегі жалпы талаптар. (С) Сапқа және бағанға тұру және қайта тұру. Сәйкес келетін бірнеше саптық жаттығулар элементтерінен кешен құру бойынша жұптарда және шағын топтарда жұмыс істеу.	Мұғалімге ысқырық. Конустар. Бағалау
	(С, К, Ф) Дағдыны бекіту үшін жұпқа тұру дағдысы бірнеше рет қайталанады. «Таралындар!» командасы бойынша оқушылар жүреді немесе жүгіреді. «Жұпта тұрындар!» бұйрығы бойынша жұптарға сап түзейді. Алдымен балалар қалаулары бойынша жұптарға сап түзейді, содан кейін бала кіммен жұпта тұрғанын есте сақтау тапсырмасы беріледі де, жүріс немесе жүгірістен кейін өзінің жұбын табулары тиіс. Одан әрі жұптарға сап түзеу белгілі бір уақыт ішінде және барынша жылдам жүргізіледі. Қозғалыс ойындарын пайдаланыңыз («Өзіңе жұп тап» және т.б.).	критерий-лері үшін Негізгі қимыл қабілеттері ресурсын қараңыз (2-кітап, қашықтыққа секіру, 21-24 бб):
Соңы	Қауіпсіздік техникасы. Саптық жаттығуларды зерттеу	Спорт алаңы.
Қосымша ақпарат		
Түрленім – көбірек көмек беруді қалай жоспарлайсыз? Көбірек қабілетті оқушылар үшін жаттықтыруды қалай жоспарлайсыз?	Бағалау – оқушылардың білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Пәнаралық байланыстар Денсаулық пен қауіпсіздікті тексеру АКТ байланыстары Мәндік байланыстары
- Композициялық тапсырмалар кезінде нәтижесі, тапсырмасы мен жабдығы бойынша айырмашылық. - Өз қимылдар сөз қорын тереңдету үшін реттіліктерін құрғанда қабілетті оқушыларға қиындау сұрақтар қойыңыз.	- Байқау, тыңдау, сұрақ қою. - Оқушылар қозғалғанда қажет болғанда тоқтап, қауіпсіздік туралы біліп, тапсырмаға қатыса ма? - Оқушылар иірілу мен бұрылу арасындағы айырмашылықты біле ме?	- Ғылыммен байланыс – денсаулық пен дене, қауіпсіздік, салмақ/ағын динамикасы - Математикамен байланыс: айналу осьтері, кеңістік, бағыт және бұрыштар.



- Сәл әлсіз оқушыларға көмектесу үшін композициялық тапсырмаларды және де топ мүшелері санын азайту немесе жеңілдету. - Ең жақсы өрнектерді тандап, сөз қорын тереңдету үшін барлық оқушылармен бөлісу.	- Оқушылар алаң мен динамикадағы өзгерістер қалай көрінеді және қалай сезілетінін біле ме? - Топтық композиция мен талқылау сапасы.	- Басқалармен жұмыс істеу, пікірлерді құрметтеу. - Бірігіп оқу, зерттеу және коммуникация НЗМ құндылықтарын көрсетеді
Сын-пікір Сабақ мақсаттары/танымдық мақсаттар жүзеге асатындай болды ма? Оқушылар бүгін не үйренді? Оқу ортасы қандай болды? Жоспарланған түрленім пайдалы болды ма? Уақыт жоспарын орындадым ба? Жоспарға қандай өзгерістер және неге енгіздім?		







Қуаныш Букесович КАЖГАЛИЕВ,
 №4 ЖОББМ-нің дене шынықтыру пәні мұғалімі.
 Ақсай қаласы, Бөрлі ауданы,
 Батыс Қазақстан облысы.






Кеңістікте бағдарлану және допты бір-біріне беру дағдыларын дамыту

Оқу мақсаты	7.1.2.2. Әр түрлі физикалық жаттығулар орындау кезінде комбинациялық қозғалыстарды жетілдіру; 7.2.4.4. Қызметті оңтайландыру және баламаларды әзірлеу шеңберінде жеке жаттығулар құрылымдық тәсілдері ережелерін көрсету.
Сабақ мақсаты	Әр түрлі тактика мен стратегияларды көрсету, түсіндіру және үйрету.
Бағалау критерийлері	➤ Оқушы допты еденге соғып кедергілер арасынан бағыт өзгертіп алып жүру техникасын қолданады. ➤ Оқушы әр түрлі жағдайда әріптесіне допты ирек сызық бойымен беру техникаларын жүзеге асырады. ➤ Оқушы топпен алаңда бағдарлап қозғалу барысында белсенділігін көрсете алады.
Тілдік мақсаттар	- Берілген тапсырмалар бойынша топтарда қауіпсіз жұмыс жасау. - Негізгі шабуылдау және қорғану стратегияларын және тактикаларын бәсекелестік ойында қолданудың түрлі жолдарын ашу және табу. - Ойын кезінде қорғаныс және шабуылда шығармашыл болу қажеттілігін түсіну.
Пәнаралық байланыстар	Физика – бұрыш, траектория, серпілу. Биология – бұлшықеттер жұмысы, тірек қимыл аппараты.



Кілттік дағдыларды дамыту	Шабуылдау элементтері бар ойындар: ✓ жүру, өту, бағыттау, қабылдау, қағып алу. ✓ күрес: оқшаулау, допты қағып әкету, соққы, пасс беру, шабуылдау, қорғау, қарсылас, ынтымақтастық, бәсекелестік, тактика, стратегия, ✓ жүгіру, жалтару, бағытты/жылдамдықты өзгерту.	
Сабақтың түрі	Аралас	
Сабақ жоспары		
Сабақтың кезеңдері	Жоспарланған іс-шаралар	Дерек көздер
Сабақтың басы	Жалпы сапқа тұру. Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру. Жаңа сабақты хабарлау. Сабақ мақсатын анықтап алу. Спорт залды айнала жеңіл жүгіру: - Оң және сол жанымен қолды алға ұстап жүгіру; - Оң және сол жанымен қолды алға-артқа сермеп жүгіру; - Оң және сол жанымен аяқты қайшылап жүгіру; Арнайы баскетбол ойынына бейімделу жаттығулары. - Жүгіріп келе жатып белгі бойынша кілт тоқтау; - Бір аяққа тоқтау; - Оң немесе сол жаққа екі қадам шығып тоқтау; - Артқа бұрылып тоқтау; - Артқа бұрылып керісінше бағытқа жүгіру. Орнында тұрып жалпы дамыту жаттығуларын орындау.	Кең, таза кеңістік. Мұғалім үшін ысқырық. Баскетбол алаңы, конустар, баскетбол добы және көкірекшелер. <iframe width="640" height="360" src="https://www.youtube.com/embed/wvCXr-RX9aI" frameborder="0" allowfullscreen></iframe>
Сабақтың ортасы	Оқушылар жұптарда жұмыс істейді (баскетбол): (Ж, Тәж, Ф). Допты алдынан қолдан-қолға ауыстырып, бастан жоғары айналдырып, кеудеден айналдырып, аяқтар арасынан өткізіп алып жүру. Д  Эстафета «Конустар арасымен допты жүргізу». (Т, Ж, Ф) «Балықшы» ойыны. Барлық балалар алаңның бір шетіне сызық бойымен орналасады. Алаң ортасына ойыншыларға қарсы бір оқушы таңдалып, ортаға тұрады. Ойынды бастауға белгі берілісімен ойыншылар допты жерге соғып, алаңның екінші шетіне балықшыға ұсталып қалмай өтеді. 	   



	Алаң ортасындағы балықшы (оқушы) ойыншыларға қолын тигізіп тоқтатуға тырысады. Ұсталған ойыншы балықшы болып ойын жалғасады. Ойынның мақсаты: оқушыларды доппен алаңда бағыт өзгертіп тез қозғалуға дағдыландыру. (Ж, ЖЖ, Ф) Жұптық жұмыс. Допты әріптесіне беру техникалары: - Кеуде тұстан беру - Бір қолымен жанынан беру Екі топқа бөлініп алаңның екі шетіне тізбекке тұру. Белгі бойынша екі топтан оқушы шығып бір-біріне доп беріп алып жүру. (Ж, ЖЖ, Ф) Топта жұмыс істеу. Оқушылар 5 жұлдыз сызығын жасап тұрады. Допты сағат тілімен бес жұлдыз әдісімен пас береді. Ойынды топтар арасында өткізіп соңында қай топ оқушылары жылдам әрі қателіксіз екенін айтып жеңімпаз топты анықтау Ирек сызық бойымен допты әріптесіне беріп қозғалу (Ж, Б, Ф) Алаңның бір жағында 5-7 ойыншыдан екі команда жарысады. Алаң ортасына қарама-қарсы бағытқа екі топ ойыншылары бір-бірінің артына тізбек жасап қолдарын қойып отырады. Алаң ортасында шығыршық ішінде баскетбол добы болады. Ойын бастауға белгі берілгеннен кейін отырған қалыптан 3 ұпайлық алаң сызығына дейін барған команда орнынан тұрып шеңбер ішіндегі допты алып кәрзеңкеге лақтыру. Лақтырғаннан кейін шеңбер ішіне тез жиналу. Бірінші болып аяқтаған команда жеңіске жетеді.	 
Сабақтың соңы	Оқушылар барлық жабдықты алып тастайды. Бір оқушыдан төрт минут бойы баскетболға қатысты, демалу деңгейіне жүрек соғысын біртіндеп төмендететін және кейбір динамикалық және статикалық созылуды қамтитын салқындау сессиясын жүргізуін сұраңыз. Сабақта не қамтылғанын еске түсіріп, шолу жасаңыз (яғни шабуыл ойынында шығармашылық пен тактика). Топта әр оқушыдан сабақтан түсінгендіктерін бағалау үшін шабуыл ойынындағы шығармашылық пен тактика туралы сұрақтар қойыңыз. Сұрақтар оқушылар қабілеттеріне сай түрлендіріле алады.	
	Рефлексия. Бағдаршам  – мен тығарыққа тірелдім, сиптеген түсінбей қалдым – мен түсінемін, бірақ барлығын емес – мен жақсы түсіндім және басқаға да түсіндіре аламын	Бағдаршам түсті стикерлер таратылады

**Қорытынды:**

- Шағын жақты ойындар мен тапсырмалардағы жабдық, тапсырма және нәтиже бойынша түрлендіру.
- Қабілеті жоғары оқушыларға шабуылдары үшін шығармашыл стратегиялар мен тактикалар жасаған кезде қиынырақ сұрақтар қою
- Ойын және талқы кезінде командалар шабуыл стратегия және тактикалары сапасы.


Рамазан Кайратович НУРЖАУОВ,
№64 мектеп-лицейінің дене шынықтыру пәні мұғалімі.
Нұр-Сұлтан қаласы.



Қазақтың ұлттық ойындары

Сабақ мақсаты	Өзгермелі жағдайларда инновациялық стратегия және тактикалар құру және келтіруге баулу.	
Бағалау критерийлері	Стратегияларды және тактикаларды құра алады.	
Тілдік мақсаттар	Оқушылар: салт-дәстүр, тұрмыс – традиции, обычаи – traditions, customs, way of life, дала, «бәйге» – степь, «байга» – «baiga», қамшы, орамал – камча, полотенце – whip, towel.	
Пәнаралық байланыс	Биология, физика және қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі пәндерімен байланыс. Жоғарыдағы терминдерді үш тілде білу.	
АКТ қолдану дағдылары	Презентация, ғаламтор қолдану.	
Алдыңғы білім	Ұлттық ойын туралы бастапқы білім беру.	
Сабақ түрі	Білімді тиянақтау сабағы.	
Сабақтың барысы		
Сабақтың кезеңдері	Жоспарланған іс-шаралар	Дереккөздер
Сабақтың басы	Оқушыларды сапқа тұрғызу сәлемдесу, сабақ мақсаттарымен, жетістік критерийлерін таныстыру. Бір орында: оңға, солға, кері бұрылу. Жүру: Қолды жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен жүру. Қолды белге қойып өкшемен жүру. Жартылай отырып жүру. Толық отырып жүру. Жеңіл жүгіріс. Жүріске ауысып, тыныс алу жаттығуларын орындау. Жалпы дамыту жаттығулары. Оқушылар шеңбер жасап бір орында тұрып қыздырыну жаттығуларын орындайды. Әр оқушы екі жаттығудан көрсетеді. Жаттығуда қателік жасаса, оқушылар қателіктерін жөндейді.	Кедергі тегергіштер, секіртпелер.



	Арнайы жүгіру жаттығуларының кешені. (С, Ф) Топтағы оқушылар бір оқушының басшылық етуімен арнайы жүгіру жаттығуларын орындайды: 1. Өкшеден аяқтың ұшына басып жүгіру; 2. Жамбасты көтеріп жүгіру; 3. Қол белде, аяқты алға созып жүгіру; 4. Қол белде, аяқты артқа созып жүгіру; 5. Өкшені артқа көтеріп, екі алақанға тигізе жүгіру; 6. Аяқты қиылыстыра жүгіру; 7. Сирақты сілтеп жүгіру; 9. Сол аяқпен секіру; 10. Оң аяқпен секіру; 11. Арқанмен алға қарай бағыттап жүгіру.	
Ортасы	 (Т, Тәж) Оқушылар қазақ салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын пайдаланып, ұсынылған материалдар бойынша қозғалыс ойындары туралы әңгімелеседі. «Қызыл ту» Ойын алаңда немесе спорт залда өткізіледі. Ойынға 10 нан 30 балаға дейін қатыса алады. Ережесі: Алаңда екі топ ойын сызығының екі жағына орналасады, әр топтың өз туы болады. Ойынның мақсаты өз туын қорғай отырып, қарсылас команданың туын өз ойын алаңына алып өту. Әр әкелінген ту үшін командаға 1 ұпай беріледі. Ойын жағдайына қарап оқушылар өз ойын әдіс-айлаларын құрады. Дескриптор: ▪ Ойын ережесін біледі, топта ойнауға қолайлы ойын әдісін құрып, бірігіп топпен тиімді жұмыс жасайды. ▪ Төреліктің сапасын дұрыс анықтайды және ойын ережесін сақтайды. ▪ Төрелікке байланысты ақпаратты және ойын ережесін басқа білім алушыларға түсіндіреді. (Б, К, Ф) «Арқан тарту»	Презентация Презентация



	«Арқанға жақында» бірінші белгісі бойынша ойыншылар команда да жұптарға бөлініп, арқанның оң және сол жақтарына тұрады. «Арқанды ұста» екінші белгісі бойынша жұптар еңкейіп, арқанды көтереді. Мұғалімнің ысқырығы бойынша командалар арқанды өз жағына тартуға тырысады. Командалардың бірі таспа ортадағы бақылау сызығынан 3 м басып өтетіндей арқанмен кейін шегіне алған кезде, ысқырық беріліп, күрес тоқтатылады. Арқанды орнына қойып, ойынды қайталайды. Арқанды өз жағына көп рет тарта алған команда жеңіске жетеді.							
	Дескриптор: ■ жарыс кезінде әділ ойнайды; ■ патриотизм және ынтымақтастыққа жататын мінез-құлық көрсетеді және түсіндіреді. Бекіту: Экрандағы суреттер бойынша ұлттық ойындарды сипаттау.    							
	Рефлексия. Оқушылар көкіректі демді реттейді, демді ішке алғанда аяқтың ұшымен жүру, демді шығару. «Инсерт» кестесі бойынша <table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr> <td style="width: 33%;">Білемін</td><td style="width: 33%;">Білгім келеді</td><td style="width: 33%;">Білмеймін</td></tr> <tr> <td style="height: 30px;"></td><td></td><td></td></tr> </table>	Білемін	Білгім келеді	Білмеймін				
Білемін	Білгім келеді	Білмеймін						
Қорытынды Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? 1: Сабаққа барлығы толығымен ынталы қатысты. 2: Оқушылардың спорт ойын түрлеріне қызығушылығы.								



Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?

1: Сабақтың барысында қызықты ойындар өткізу.

2: Тоқсанның соңында жарыс өткізу.

Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?

1: Кей оқушылардың жаттығу орындау кезінде дене қимылына байланысты жаттығуды орындауда қиындықтары туындайды. Олармен жеңіл жаттығулары жиынтығын орындау қажет екенін ескеремін.

Жанат Боранәлиұлы СӘКЕНОВ,
№64 мектеп-лицейінің дене шынықтыру пәні мұғалімі.
Нұр-Сұлтан қаласы.



Тепе-теңдік гимнастикалық жаттығулар және кеңістіктегі дене қозғалысы

Оқу мақсаты	10.1.5.5 Сенімділік қабілетін жақсарту үшін тактикалық, стратегиялық, құрылымдық идеялармен тәжірибе жасау.	
Сабақ мақсаты	Сенімділік қабілетін жақсарту үшін тактикалық, стратегиялық, құрылымдық идеялармен тәжірибе жасауды қалыптастырады.	
Бағалау критерийлері	✓ Оқушылар мұғалімнің қауіпсіздік ережесіне байланысты нұсқауды тыңдайды әрі үнемі назарда ұстайды; ✓ Оқушылар гимнастика сабағында дұрыс денені қыздыра алады; ✓ Оқушылар сабақ барысында өзін-өзі сақтандыруды және өзгені сақтандыруды жүзеге асыра алады.	
Тілдік мақсаттар	Оқушылар: - <i>Сабаққа байланысты сұрақтарға термин сөздермен жауап береді:</i> Гимнастика сабағындағы акробатикалық элементтер кешені дегенді қалай түсінесіңдер? Белгілі-бір техникалық амал-тәсілдерді орындау үшін жалпы денені қыздыру маңызды ма және қаншалықты?	
Пәнаралық байланыс	Биология, физика және қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі пәндерімен байланыс. Ойынға қатысты терминдерді үш тілде білу.	
АКТ қолдану дағдылары	Презентация, ғаламтордан қолдану.	
Алдыңғы білім	Оқушылар, бұрын үйренген жалпы спринттік жүгіру шеңберіндегі білімдерін көрсету күтіледі. Стайерлік жүгірудегі дағдыларын іс жүзінде қайталайды, шындайды және көрсетеді.	
Сабақ түрі	Білімді тиянақтау сабағы.	
Сабақтың барысы		
Сабақтың кезеңдері	Жоспарланған іс-шаралар	Дереккөздер




Басы	I. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен амандасып, оларды түгендеп, сабаққа дайындығын тексеру. Оқушылар «Сыртқы және ішкі шеңберге» тұрып өткен тақырыптар бойынша білімдерімен бөліседі. Оқушылардың қалай сезініп тұрғандарына аса мән беру. Киім киістеріне көңіл аудару. Сабаққа қаншалықты дайын болуларына көз жеткізу. Бүгінгі сабақ мақсатымен таныстыру. Сабаққа зейіндерін аударуларына байланысты сұрақтар қою (<i>миға шабуыл</i>). Оқушылар бір-бірін қызыл, жасыл не сары карточка беру арқылы бағалайды. Екі топқа бөлу, денені қыздыру жаттығуларын орындау. Шеңбер жасап тұру: мойын бұлшық еттерінен бастап жаттығу жасау. Иық, қол, аяқ буындарына жаттығу жасау. Еденнен созылу жаттығулары. Спорт зал бойынша айнала жүгіру жаттығуларын орындау:	Әр жаттығу үшін үлкен, таза кеңістік. Мұғалім үшін ысқырық, секундомер, конустар, қаламсап, стикерлер.
Ортасы	(Б) Оқытушы сынып ішінде жарақаттанудың алдын алу үшін қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықты жүргізеді. (Б, Т, Ф) Оқушылар топтарға бөлінеді. Бұрын оқыған элементтерден топ бойынша акробатикалық амалдарды орындайды. Амалды басқа топқа көрсетеді. Акробатикалық элементтерді орындағаннан кейін топтар олардың жақсы және жаман жерлерін айтады, оларды жетілдіру үшін нұсқаулар береді. (Т, Тәж, Ф) Жұмыс 4-5 оқушылық топтар ішінде өтеді. Оқушыларға үйренген техникалық элементтерден акробатикалық композиция дайындауды ұсыну. Мысал бойынша: №1 тапсырма Қыздар: Бастапқы қалып – негізгі тік тұру, қол жоғары. Бір аяқта тепе-теңдік (ласточка); түзетілу кезінде – бастапқы қалып жүзуші старты, жинақталып, екі біріккен тонқалаң асып түсу; аударыла домаланып, жауырынға тұру; отырып, аяқ жан-жаққа, қолмен арттан тірелу; аяққа қарай денені еңкею (қолды алға созып); түзелу кезінде, арқада жатқан қалыпқа келу (аяқты бүгіп); мост; бір тізеде тұрып тіреліп бұрылу – жарты шпагат; отырып тірелу; жоғары секіру (қолды сермеп).	Әр жаттығу үшін үлкен бос кеңістік. Жаттығуды орындауға қажетті жабдықтар. Гимнастикалық түрлі биіктіктегі орындықтар, гимнастикалық қабырғалар, төсеніштер. Әр жаттығу үшін үлкен бос кеңістік.



	Ұлдар: тепе-теңдіктегі жаттығу - «ласточка»; · алға ұмтылыс, түзу қолдар жан-жаққа; · отырып тірелу; · алға екі төңкеріліп түсу; · жауырында тұру; · артқа екі домалану; · баспен және қолмен тұру; · отырып тірелу; · жатып таяну (упор лёжа); · басқа жаққа домалану; · жатқан қалыптан «мостқа» шығу; · отырып тірелу; қайысып жоғары секіру, қол жан-жаққа, жоғары қарай. Бағалау критерийлері: 1. Оқушылар мұғалімнің қауіпсіздік ережесіне байланысты нұсқауды тыңдау; 2. Оқушылар гимнастика сабағында дұрыс денені қыздыра біледі; 3. Оқушылар сабақ барысында өзін-өзі сақтандыру және өзгені сақтандыруды біледі. №2 тапсырма. (Ж, Т, С) «Тепе-теңдікті сақтау». Үш теріс бұрылған гимнастикалық орындықтарда (немесе бөренелерде) бір біріне қарама-қарсы екі команда тұрады. Шектеулі тірегіште тұрып, бір қолдарын арқасында ұстап, екінші қолдарымен бірін бірі тепе-теңдіктен шығаруға тырысады. Қатысушылардың бірі құлаған сәтте командаға бір ұпай беріледі. Ойын нұсқалары: жеңімпаз келесі қатысушымен күресуді жалғастырады, осылайша қарсыластар болғанша қайталана береді. Ұпай саны көп команда жеңіске жетеді. Осы сабақтағы жасаған жұмысқа кері байланыс, яғни бүгінгі сабаққа қойылған мақсат.	Жаттығуды орындауға қажетті жабдықтар Арнаулы гимнастикалық төсеніштер. Әр жаттығу үшін үлкен бос кеңістік. Жаттығуды орындауға қажетті жабдықтар Арнаулы гимнастикалық төсеніштер және гимнастикалық орындықтар.
--	---	---



	Оқушылар өз топ арасындағы кері байланыс жасады. Әрқайсысы жеке кері байланысты стикерлерге жазып, тақташаға жапсырып қойды. Үйге тапсырма осы сабақтағы көздеген мақсатқа байланысты берілді. 	
	Рефлексия. Стикерге оқушылар өз ойларын жазып көрсетеді. Мен бүгін білдім..... Қиындық тудырды..... Мен жақсы жасадым.....	
Саралау – оқушыларға көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз: бір оқушыдан күтілетін нәтиже, дербес қолдау көрсету, уақытты ұтымды пайдалануды есепке ала отырып, сабақтың кез-келген кезеңінде қолданыла алады. • Екі топқа бөлу, өзара көшбасшыны тағайындау • Оқушыларды қабілеттеріне байланысты бөлу	Бағалау – оқушылардың сабақ барысында үйренгенін бағалау үшін қолданылатын әдіс-тәсілдер арқылы бағалай алады. Мадақтама, марапаттау • Оқушыларды бағалау, көру, кеңес беру. • Спринттік жүгіру және мәреден дұрыс өтуге байланысты қаншалықты материалды түсінгендіктерін бақылау	Денсаулық және қауіпсіздік ережелерінің сақталуы. Денсаулық сақтау әдістері, сергіту сәттері мен белсенді іс-әрекет түрлері. • Арнайы спорт киімі, жай сабаққа киетін киімнен қаншалықты өзгеше және ыңғайлы. • Спринттік жүгіруде қандай бұлшықет жұмысы көрінеді. Спорт адам денсаулығына қаншалықты маңызды?
Қорытынды Осы сабақтағы жасаған жұмысқа кері байланыс, яғни бүгінгі сабаққа қойылған мақсат. Оқушылар өз топ арасында кері байланыс жасады. Әрқайсысы жеке кері байланысты стикерлерге жазып, тақташаға жапсырып қойды. Үйге тапсырма осы сабақтағы көздеген мақсатқа байланысты берілді.		

Ербол Шахманович ТУКЕШЕВ,
 №64 мектеп-лицейінің дене шынықтыру пәні мұғалімі.
 Нұр-Сұлтан қаласы.